

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ДІН ІСТЕРІ КОМИТЕТІ
МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ДІНДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ
I, II, III, IV, V СЪЕЗДЕРІНДЕ СӨЙЛЕГЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ СӨЗДЕРІ**

АСТАНА - 2015

**ӘОЖ 2 (063)
КБЖ 86 Я 43
Ә 52**

Жауапты редактор:
Е.Б. Мұратбеков,
Мәдениеттер мен діндердің халықаралық
орталығының директоры, з.ғ.к.

Құрастырушылар:
Қ.Т. Қалилаханова,
Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы
директорының бірінші орынбасары, п.ғ.к., доцент,
ХПБҒА-ның корр.-мүшесі (РФ)
С.А. Дуанаева,
Конфессияаралық ынтымақтастық бөлімінің бас сарапшысы, фил.ғ.к.
Р. Амантай,
Бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері
С. Булатқызы,
Бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері

**Ә 52 Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері I, II, III, IV, V съездерінде сөйлеген
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөздері: Жинақ. –
Шымкент: «Құлагер» ЖҚ Баспасы 2016. – 71 б.**

ISBN 978-601-7812-11-9

Басылымға Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің бастамашысы,
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2003, 2006, 2009, 2012, 2015
жылдары өткен I, II, III, IV, V съездерінде сөйлеген сөздері енгізілген.

Жинақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі тарихымен, дінаралық
сұхбат және дін саласындағы мәселелермен айналысатын саясаттанушыларға, мемлекеттік
қызметкерлерге, ғылыми қызметкерлерге арналған.

**ӘОЖ 2 (063)
КБЖ 86 Я 43**



Біз I Съездің шешімі бойынша салынған әлемдегі жалғыз Бейбітшілік және келісім сарайы шаңырағының астында толеранттылықтың, мәдениеттер мен діндердің жаһандық үнқатысуының Ұлы Тарихын қалыптастырудамыз.

Біз, тіпті, осы күрделі дәуірдің өзінде де оның парақтарын бірінен кейін бірін жазып, толтырудамыз. Және біздің бәрімізді – саясаткерлер мен конфессиялар қызметшілерін – адамдар мен халықтардың тағдыры, Ұлы Жаратушы жаратқан біздің бүкіл бірегей планетамыздағы бейбітшілік пен тыныштық үшін ортақ бір жауапкершілік сезімі біріктіреді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің ізгілікті идеялары әлемдік қоғамдастықта, діни, сондай-ақ, саяси топтарда кең қолдау тауып отыр. Олар әлемге дінаралық қарым-қатынастар туралы ғасырлар бойы қалыптасқан таптаурындарды еңсеруге, XXI ғасырда жаһандық толеранттылық пен өзара түсіністіктің іс-қимыл таныта алатын формуласын жасауға мүмкіндік береді.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері V Съезінде
сөйлеген сөзінен
10 маусым 2015 ж.**

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

23 қыркүйек 2003 ж.

Құрметті Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері мен өкілдері!

Бүгін ежелгі қазақ жері зор мәртебеге ие болды – ол әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндердің лидерлері мен жоғары өкілдерін жер шарының түкпір-түкпірінен өркениеттер мен діндер арасындағы үнқатысуға шақырып отыр.

Сіздерді Қазақстан жерінде құттықтай отырып, мен сіздердің бірге бас қосып, жиналуға біздің шақыруымызға ден қойғандарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Мен жоғары мұсылман тұлғалары: Әл-Азһар Жоғарғы имамы Шейх Мұхаммед Саид Тантауиге, Дүниежүзілік Ислам лигасының Бас хатшысы Шейх Абдалла Бен Абдель Мухсин Ат-Түркіге және басқа да елдердің өзге де мұсылман ұйымдарының өкілдеріне ризашылығымды білдіремін. Біз сіздердің Съезге қатысуларыңызды жоғары бағалаймыз.

Мен киелі Рим Папасы Иоанн Павел II-ге Съезді ұйымдастыру кезінде көрсеткен жоғары ықыласы мен қолдауы үшін терең ризашылығымды білдіремін.

Мен Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы киелі Алексей II-ге біздің Съезімізді қолдағаны үшін алғысымды білдіремін.

Иудаизм лидерлеріне, ең алдымен Йона Мецгерге, олардың Съезге жоғары деңгейде қатысып отырғаны үшін алғысымды айтқым келеді.

Сол сияқты Қазақстанға әлемнің түрлі өңірлерінен келген әр түрлі христиандық конфессиялардың өкілдеріне де ризашылығымды білдіремін.

Біз Сіздердің араларыңыздан Шығыстың аса ежелгі дәндері мен өркениеттерінің – буддизмнің, индуизмнің, даосизмнің және синтоизмнің жетекшілері мен өкілдерін көргенімізге аса қуаныштымыз.

Сіздердің аттарыңыздан Съездің құрметті қонақтары Жапонияның экс-Премьер-Министрі Цутом Хатты, ресми өкілдерді: БҰҰ Бас хатшысынан В. Сотировты, Сауд Арабиясының Корольдігінен – Әділет министрі, доктор Абдаллах Әл Аш-Шейхты, Египет Президентінен – Египет Республикасының Вакуф және ислам істері жөніндегі министрі Махмуд Хамди Закзукты, сондай-ақ Италияның Ассизи қаласынан келген, Бас министр Томас Геремек және рухани тәлімгер Лафранко Серрини басқарған делегацияны қош келіпсіздер деп құттықтаймын.

Мен сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндер съезін өткізу идеясына бейжай қарамаған әрі бізді өз кеңестерімен жігерлендіріп отырған ізгі ниетті барлық адамдарға алғыс сөзімді арнаймын.

Сіздерге қолдауларыңыз үшін, жер бетінде бейбітшілік пен өзара түсіністікті сақтау ісіне қолдан келгенінше қосқан үлестеріңіз үшін, біздің баршамызды біріктіретін және бүгін бәріміз осында Астанада жиналып отырған ортақ ізгі мұрат үшін рахмет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ СЪЕЗД ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП САЙЛАНҒАННАН KEЙІН СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Съезге қатынасушылар!

Менің үлесіме Әлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндер съезін ашық деп жариялау мәртебесі тиді.

Бүгінгі Съезге әлемнің барлық діндерін қамтитын 17 делегация, сондай-ақ құрметті қонақтар мен халықаралық ұйымдардың мүшелері қатысып отыр.

Мұсылмандардың делегациялары ең биік дәрежеде өкілдік етуде: Дүниежүзілік Ислам Лигасының Бас хатшысы – Шейх Абдалла Бен Абдель Мухсин әл-Турки, Әл-Азһар Жоғарғы имамамы – Шейх Мұхаммед Саид Тантауи, "Джамаат-у-Шабаб-е-Ислам" мұсылман ұйымының Президенті – Салман Әл-Хұсаини Әл-Надви, Халықаралық ислам университетінің вице-Президенті – доктор Махмуд Ахмад Гази, Ғылым және жаңа технологиялар Министрлігі жанындағы Ислам заңы және құқығы жөніндегі комитеттің төрағасы Мехди Хадави Могаддам.

Ватикан делегациясын Кардинал Йозеф Томко бастап келді, оның құрамында екі министр бар.

Орыс православие шіркеуіне Мефодий – Апматы және Астана митрополиті, Константинополь православие шіркеуіне – Эммануэль - Франция митрополиті, Англикан шіркеуіне Николас Бэйнс – Крайдон Епископы мен Канон Джонатан Робин Бланнинг Гауф – экуменизм мәселелері жөніндегі Кентерберий Архиепископының Хатшысы өкілдік етеді.

Лютерандық дүниежүзілік одақтан, Лютерандық дүниежүзілік одақтың Бас хатшысы, доктор Ишмаэл Ноко қатысып отыр.

Съезд жұмысына жоғары дәрежеде Бас раввин Йон Мецгер бастаған иудаизм делегациясы қатысып отыр. Делегация құрамында Швейцарияның, Ресейдің, Қазақстанның бас раввиндері, сондай-ақ Еуразия еврейлер конгресінің Президенті бар.

Бүкіл Қытайлық буддистер қауымдастығының делегациясын Цзяму-ян Лосанцзю мэй Тудань-цюэцзинима мен Монғолиядан Азиядағы бейбітшілік жолындағы буддистер конференциясының Бас Хатшысы Тумээхуу Булган басқарады. Бүкілқытайлық даосистер қауымдастығының делегациясына Чжан Цзюйю өкілдік етеді.

Синтоистер делегациясын Синтоистік Храмдар Бас басқармасының Директоры Минору Сонода, индуизм делегациясын Индология және дінаралық үнқатысуды зерттеу жөніндегі институттың Төрағасы, доктор Шантилал Сомайя басқарады.

Рим Папасы киелі Иоанн Павел II және Мәскеу әрі Бүкіл Ресей патриархы киелі Алексий II, сондай-ақ Кентерберий Архиепископы Роуэн Уильямс пен Константинополь Патриархы Варфоломей Съезге өз жолдауларын жіберді.

Мен біздің форумның маңыздылығы және оның жер жүзіндегі бейбітшілік пен келісім үшін мәнін мойындай отырып, қатысушыларға әлемдегі жетекші мемлекеттер мен үкімет басшыларының өз құттықтауларын жолдағандарын жария етуге қуаныштымын.

Олардың ішінде келіп түскен рет бойынша:

Жак Ширак - Франция Республикасының Президенті, Фахд Бен Абдель Әзиз - Сауд Арабиясының Королі, Владимир Владимирович Путин - Ресей Федерациясының Президенті, Джордж Буш - АҚШ Президенті, Тони Блэр - Ұлыбритания Премьер-Министрі, Хосни Мубарак – Египет Араб Республикасының Президенті, Сильвио Берлускони – Италия Республикасының Премьер-Министрі, Кофи Аннан – БҰҰ Бас хатшысы, Романо Проди – Еуропа комиссиясының Төрағасы, АҚШ сенаторлары мен конгресмендерінің тобы, Францияның экс-Президенті Валерии Жикар д’Эстен, Польшаның экс-Президенті Лех Валенса, Ұлыбританияның экс-Премьер-Министрі Маргарет Тэтчер, Германия Федеративтік Республикасының экс-вице Канцлері Ганс-Дитрих Геншер бар.

Құрметті Съезге қатысушылар!

Ең алдымен, Съезд жұмысын бастамас және өз баяндамама кіріспе бұрын, мен Сіздерге жер бетіндегі бейбітшілік пен келісімді мұрат тұтып барлық діндердің, конфессиялар мен халықтардың бірлесуі үшін ерік- жігер, күш-қуат пен даналық берсін деп толғану және Құдайға жалба- рыну үшін бір минуттық тыныштық сақтауды ұсынар едім.

Құрметті Съезге қатысушылар мен қонақтар!

Жетекші әлемдік діндерінің өкілдерін байырғы қазақ жерінде қарсы алу мен үшін үлкен қуаныш және мәртебелі құрмет. Сіздердің біздің шақыруымызды құп алып, осы форумға келіп қатысқандарыңыз үшін өзімнің және көпұлтты халқымның атынан үлкен алғыс айтамын.

Съездің Еуразияның дәл ортасында өтіп жатқанының терең символдық мәні бар.

Ұлы Дала төсі көптеген ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, буддизм, христиандық, иудаизм, ислам және басқа да діндерді ұстанған халықтардың бейбіт мекені болуымен ерекшеленді.

Бағзы заманнан күні бүгінге дейін біздің жеріміз сауда мен мәдени айырбастар арқылы Азия мен Еуропа арасын байланыстырушы буын қызметін атқарып келеді. Ол бүгін де көптеген халықтар мен діндердің өкілдері үшін туған үйіндей болып отыр.

Біздің Конституциямыздың кіріспесінде көрінісін тапқан: «Біз – Қазақстан халқы...» деп басталатын бірегей әлеуметтік-гуманитарлық феномен туралы мақтанышпен айта аламыз. Есте қаларлық деректі айтқым келеді. Еліміздің оңтүстігінде Қойлық деген он үшінші ғасыр қалашығының орны бар. Осы ежелгі қоныста будда пагодасы, мешіт пен христиандар шіркеуі көрші орналасқан.

Ал бүгінде біздің басқа қалаларымыздағыдай, Қазақстанның жаңа астанасында Сіздер мешітке, православ храмына, католиктік костелге, синагогаға, ғибадат үйлеріне еркін кіре аласыздар. Уақытты байланыстырушы арқау дегеніміз, міне, осы.

Аталған съезге дайындық барысында мен Астанада Ұлттар сарайын салу туралы ойға келдім. Онда мешіт, шіркеу, синагога, будда храмы болады. Осында Қазақстан Халықтарының ассамблеясы мен барлық ұлттық-мәдени орталықтар орналасады.

Сөз реті келгенде айта кетейін, Қазақстан Халықтарының ассамблеясы біз үшін мемлекеттік-ұлттық саясатты тиімді жүргізуге көмектесетін азаматтық қоғамның бірегей институты болып отыр. Оның қызметін Қазақстан жұртшылығы мойындап, көптеген елдерден және БҰҰмен ЕҚЫҰ секілді халықаралық ұйымдардан жоғары баға алды.

Ұлттар сарайы ансамблі 120-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, еңбек ететін халықтар бірлігінің біздің еліміздегі өзіндік бір символы болады. Бізде қырықтан астам конфессия өкілдері ешқандай кедергісіз қызмет етуде.

Біздің тұрақты даму мен болашаққа деген мүмкіндігіміз, сөзсіз, ұлттық байлығымыз.

Біз сақтап және нығайтып отырған ұлысаралық және конфессияаралық келісім саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы табыстарды қамтамасыз еткен, түбегейлі және кең ауқымда қайта құруларды қарқынды жүргізуге мүмкіндік берген іргетас болғандығына сенімдімін. Оларды бүгінде көпшілік мойындаған.

Діни төзімділік, келісім мен ынтымақтастық қағидаларын біз өзіміздің сыртқы саяси қызметімізде де ұстанамыз.

Олар ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік, әділеттілік пен прогресс жолындағы көпсалалық, бірігу, ықпалдастық идеяларына негізделген.

Қазақстан – қуаты жөнінен әлемде төртінші орын алатын өзінің ядролық қару-жарақтарынан өз еркімен бас тартқан және әлемдегі ең ірі ядролық сынақ полигонын жапқан

мемлекеттердің ең алғашқысы. Бұл басқа халықтар мен мемлекеттер тарапынан мойындалып, жаһандық қауіпсіздікке біздің қосқан лайықты үлесіміз болды.

Алматыда өткен аймақ мемлекеттері басшыларының форумында ұжымдық тұрғыдан ресімделген Азиядағы қауіпсіздік пен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыруға біздің еліміз бастамашы болды.

Біз осы жылдың ақпан айында Бейбітшілік пен келісім конференциясын өткіздік. Оған әртүрлі конфессиядан көптеген көрнекті дін қайраткерлері қатысты. «Бейбітшілік пен келісімге қарай» Декларациясы қабылданды, Бейбітшілік пен тұрақтылық форумы құрылды.

Қазақстандағы әрбір діни конфессиялардың басшысы өздері басқарып отырған қауымның қайта түлеуі мен рухани өрлеу деректерін қуаттай алады деп ойлаймын.

Міне, бұл – біздің мемлекетіміздің ең басты жетістіктердің бірі деп есептелетін қоғамдағы бейбітшілікті, келісімді және тұрақтылықты сақтауға ұмтылысының нәтижесі болып табылады.

Біз алдағы уақытта да қазақстандық қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің негізін нығайта отырып, қажымай-талмай жанқиярлықпен еңбек ететін боламыз.

Осы айтылғандармен қатар, біз бір мемлекет ауқымында бұл бағытта қаншалықты үлкен күш-жігер жұмсалғанына қарамастан, оған сыртқы факторлар жәрдемдеспесе, тиісті нәтиже шықпайтынын көріп отырмыз және анық сезінеміз. Бұл – ғаламшардағы кез келген мемлекет үшін даусыз шындық.

Қазіргі уақытта халықтардың, діндердің, мемлекеттер мен үкіметтердің өзара сындарлы іс-қимылы мен бейбіт қатар өмір сүруі туралы мәселе айрықша маңызды. Ол таза теориялық көзқарастан маңызды тәжірибелік міндеттердің қатарына өтті.

Сондықтан көптеген саяси және дін қайраткерлерінің күш-жігерлерімен бағзы заманнан бүгінге дейін үзілмей келе жатқан діндер, мәдениеттер, өркениеттер арасындағы сұхбатты жалғастыру аса қажетті болып табылады.

Бізге оқиғалар мен құбылыстардың әлемдік өлшемге сай, аймақтық және мемлекет ішіндегі терең сындарлы сараптамасы керек.

Мұндай сараптамалар адамзат қауымдастығын келешектегі әрқилы саяси, экономикалық, діни және әскери экстремизмнен сақтандыруға, «күрішті күрмектен тазартуға» сөзсіз көмектеседі.

Осындай талдаулар қазіргі әлемді жайлаған «оңай шешімге» қызыққан, ізгілікке қарсы идеялардың енуіне дауа болатынына күмәнданбаймын.

Мен, осыған орай, қазіргі заманның кейбір мәселелеріне байланысты көзқарастарым жөнінде форумның мәртебелі қатысушыларымен бөліскім келеді.

Біріншіден, соңғы жылдары орын алып отырған «өркениеттер қақтығысы» және «діндер дағдарысы» тақырыптарына қатысты ой-пікірлер негізсіз деп санаймын.

Керісінше, адамзат әлемдік құрылымдағы радикалды өзгерістердің, дүниежүзіндегі миллиардтаған адамдардың технологиялық жаңалықтарға бейімделуіндегі қиындықтардың, ғаламдық нарықтың қатал талаптарының тұсында діни ақиқаттан жауап іздеуге жаппай қайта оралды. Себебі, адами-этикалық өлшем бойынша оларды ешнәрсемен салыстыруға болмайды.

Еуразияның орталық бөлігінің ерекшелігі сол, бұл жерде дін – көптеген халықтардың ұлттық шоғырлану факторына айналған.

Ондаған жылдар бойы осынау ұлан-ғайыр кеңістікте ар-ождан бостандығы мен адамдардың діни парыздарын орындау жолындағы дәстүрлері жасанды жолмен үзілгенін де ұмытуға болмайды. Біз дін туралы жаңа заң қабылдағаннан кейін дін қайта түлеп, барлық діни қауымдарға келушілердің саны күрт артты, бұл – қуанарлық құбылыс.

Дін – жаһандану дәуірі орнағанға дейін де ізгілік пен мәдени сұхбат идеясын сақтап, жеткізіп келе жатқан жалғыз ғалами құбылыс екені анық.

Діннің рухани күшімен қоса халықаралық ынтымақтастықтың жұмыс істеу институты да бола алатыны анық. Сондықтан жер-жерде және аймақтарда қақтығыстар саны артып,

қазіргі кезеңде олардың біразы этнодіндік мазмұнға ие болып отырғанда діннің осындай ерекше мүмкіндігін пайдаланған маңызды.

Саяси үйлестіру әдістері іске аспай отырғанда, Құдай сөзі бітімгершілік пен үміттің жалғыз ғана құралы бола алады. Біздің қазіргі астаң-кестең әлемімізде адамгершіліктің аса жоғарғы үлгілеріне негізделген діни дәстүрлердің ролін басқашабағалау мүмкін емес.

Өкінішке орай, біз діннің адамдарды саяси әрекетке жұмылдыру мүмкіндігінің қазіргі әлемде игі мақсатқа жұмсалмай отырғанының куәсіміз.

«Қасиеттілік» деген ұғымның мазмұны бұрмалануда. Оның мазмұнын дұрыс түсіндірмегендіктен, адами қағидалар моральмен, адамгершілікпен, ізгілікпен, кез-келген діннің негізгі ережелерімен үйлеспейтін іс-әрекеттерге, жеккөрушілікке жетелейді.

Бұрыннан бар мәдени-өркениеттілікке және діни көптүрлілікке идеологиялық, саяси реңк беруге жол бермеу керектігін мәлімдейтін уақыттың жеткеніне сенімдімін.

Біз, енді жалған діни сипаттармен түсіндіріліп, доктринаның бетпердесімен бүркелген зорлық пен зомбылық актілерінің ақиқат мәнін танып, ажырата білуді және әшкерелеуді үйренуіміз керек.

Екіншіден, қазір «өркениеттердің қақтығысы» туралы емес, «өркениеттердің тоғысуы» туралы айтқан жөн. Адамзат қазіргі тарихи кезеңде, менің ойымша, болашақта да әлемдік қауымдастықтағы өмір сүрудің мәдени-діни жүйесінің бірегей және әмбебап өркениетті үлгісін жасай алмайтындықтан, «ақырзаманның» ешқандай белгісі байқалмайды.

Меніңше, бұлардың бәрі – «түс көруден» туындаған аңыздар мен жалған мақсаттар. Және мұны әрбір саналы саясаткер, әрбір мемлекет және дін қайраткерлері ұғынуы керек.

Менің терең сенімім бойынша, кез-келген жеке жүйе жалпы адамзаттың ғана емес, тіптен оның бір ғана бөлшегінің тұрақтылығын, тепе-теңдігін және дамуын қамтамасыз ете алмайды. Ол әрқашан өзіндегі қақтығыс пен жарылыс қаупін бүркеп отырады. Көпқырлылық, көпұлттылық пен көпконфессиялық бірлік – ең сенімді тұжырым.

Маңызды және терең тарихы бар, өзіндік бейне мен ділге ие басқа да өркениеттердің, мәдениеттердің, діндердің бар екендігін мойындап, олармен санасуымыз керек. Мұны ешқандай ерікті және күш қолдану әдістерімен бұзуға болмайды.

Қазіргі кезде әлемде өркениеттер қақтығысы емес, мәдени-діни жүйелердің жаңа өмірге, жаңа технологияларға, жаңа қоғамдық қатынастарға бейімделуі жүріп жатыр.

Жаһандану мен қазіргі технологиялар қоғамдық-саяси жүйедегі өндіріс секілді заман талабына сай үнқататынын біздің барлығымыз түсінеміз.

Қоғам кемшіліктерді түбірімен жоймағанымен, барынша азайта алады, бірақ олардың барлығы бойына тек игілікті ғана сіңірмей, адасушылық та қатар жүреді.

Материалдық игілікпен мүлдем байланысы жоқ, адам үшін басым және негізгі болып қала беретін даусыз құндылықтар бар.

Олардың бастысы – руханилық, өнегелілік. Дін – әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық және діни дәстүрлерінің, тарихи әрі мәдени төлтәжірибесінің негізгі сақтаушысы.

Үшіншіден, менің көзқарасым бойынша, жаһандық қауіп-қатерлерге толы ХХІ ғасырда мемлекет пен дінде, азаматтық қоғамда ізгі еркіндіктің көріну тәсілдері мен ерекше әрі біртұтас стратегиясы бар.

Ол – бейбітшілікті сақтауға, келісімге, өзара түсіністікке, елдер, халықтар мен конфессиялар арасындағы ынтымақтастыққа жетуге бағытталған үндеу мен әрекет.

Біздің кезеңнің лаңкестікпен, көпшілікті қырып-жоятын өзге де қарулардың таралуымен, есірткі саудасы және оның салдарларымен, экологиялық апаттармен, өте ауыр физикалық және әлеуметтік кеселдер секілді бүкіләлемдік зұлымдық көріністерімен күрестетек сабыр мен серіктестік арқылы жеңіске жете алмақпыз.

Сондай-ақ, бұл – қоғамның жоқшылық көріп отырған топтарына қатысты мейірім мен қайырымдылық.

Менің көзқарасым бойынша, аталған мәселелералдағы уақыттаүкіметтердің, халықаралық ұйымдардың, барлық бүкіләлемдік қоғамдық институттардың қызметінде маңызды орын алуы тиіс.

Әрине, осы ретте бүкіләлемдік және дәстүрлі-ұлттық діндер өздерінің салмақты рөлін атқаруға міндетті

Конфессияаралық сұхбат мәдениетінің қалыптасуына Қазақстан жеріндегі кездесу өзінің зиялы үлесін қоса алар еді.

Біздің пікірімізше, сөз осындай сұхбаттасулардың айқындалған тәртібі мен нормаларының қалыптасуы жөнінде, кеңесулерүшін кездесу жүйесін құру туралы болуы мүмкін.

Сонымен қатар, бізгетүбегейлі мақсат қоюдың керегі жоқ және оның қажеттілігіде жоқ деген менің пікірімді сіздер бөлісерсіздер деп сенемін. Ұлы діндердің негіздерін құрайтын айырмашылықтарды жойып, біртұтас діни кеңістік жасау мүмкін емес.

Алайда, қазіргі қайшылықтарға қарамастан, тұрақты сұхбаттастықтың құндылығы – әлдебір «алтын ортаны» іздеу үрдісі мен мәнін сақтаудан тұрады. Еңбастысы, сұхбаттастық – бейбітшілік пен келісім аймағын құрады, үйлесім мен айқындық уақытын жасайды. Бұдан мен діни сұхбаттың күмән келтірмейтін құндылығын көремін.

Осыған орай, мен Діндер форумын тұрақты түрде өткізу жөнінде барлық діндер мен конфессиялар өкілдеріне үндеу жасаймын.

Осындай институтты құру дінаралық диалогтың негіздерін нығайтып, діни қайраткерлер мен діндарлардың арасындағы жасампаз байланыстарға жүйелілік береді.

Бұл–болашақта әлемдегі дінаралық ширығуды бәсеңдетуді, руханиятты, бейбітсүйгіштікті және төзімділікті насихаттауды мақсат ететін халықаралық ұйымның іргетасы бола алады.

Біз, сондай-ақ, Діни төзімділік хартиясын дайындауға алғашқы қадам жасай аламыз. Бүгінде діндердің бейбітқатар өмір сүру қағидаларын белгілеп қана қоймай, олардың арасындағы жасампаз сұхбаттастықтың тиімділігін дәлелдейтін құжат өте қажет.

Біз Діндердің біртұтас мәдени орталығын құру туралы да ойлана аламыз. Бұл идея ойымда бұрыннан бар және бүгін оны нақты іске асырудың уақыты келіп жетті.

Егер діни қайраткерлер бұл істе бізге сенсе, онда сіздердің қолдауларыңыз бен қатысуларыңыз арқылы біз бұл маңызды да кезек күттірмес мәселелерді шешуге кірісуге даярмыз.

Құрметті съезд қонақтарымен қатысушылар!

Съезге қатысқандықтарыңыз бен қазіргі әлемдік мәселелерге терең ықылас білдіргендеріңіз үшін Сіздерге тағы да үлкен алғыс айтамын.

Мен бүгінгі рухани басшылардың өз сенімдерін адамдарға біржақты бұрмаламай, таза, түсіністікпен, жауласу пен ашу-ыза құралына айналдырмай жеткізулерін олардың жоғары мұраты деп білемін.

Мен сіздердің барлықтарыңыздың нағыз сенімнің, ақиқаттың, ізгілік пен мейірімділіктің сәулесін бойларыңызға ұялатқандарыңызды білемін. Сіздердің шындығында ұлан-ғайыр, кейде лайықты бағалана бермейтін еңбектеріңіз үшін барлығыңызға бас иемін.

Сіздерге бақыт пен ізгіліктілеймін!

Ықыластарыңызға рахмет.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНІҢ
ЖАБЫЛУЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

24 қыркүйек 2003 ж.

Құрметті Съезге қатысушылар мен қонақтар!

Біздің бірлескенфорумымызбен кездесуіміз көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Олар көңілге қонымды әрі жемісті өтті. Біз сіздермен өркениеттер, конфессиялар, елдер және халықтар арасындағы келісімді нығайту мен келіссөз тәжірибесінорнату жолында тағы бір өте маңызды қадам жасадық.

Біздің пікірлесулеріміз бен талқылауларымыздың нәтижесі адамдардың бейбіт және лайықты өмір сүруі үшін, әр түрлі діндер мен ұлттардың болашағы үшін ынтымақтастық идеясынпаш етті.

Әр түрлілік – бұл кемшілік емес, керісінше, Құдайдың баға жетпес сыйлығы, оның арқасында нағыз өзара баю, нағыз даму жүреді. Әр халық қайталанбас, тек өзіне ғана тән дәстүрге, тарихқа, ойлау қабілетіне ие. Әрқайсысы адамзаттың рухани мәдениетіне өзінің ерекше үнін қосады.

Сіздердің назарларыңызды түрлі жалған діни бірлестіктердің санының өсуі мен әсері сияқты тағы бір проблемаға аударғым келеді. Олар әр елде бар және қазіргі замандағықиыншылықтарды негізіненсолар туындатуда.

Олардың көпшілігі қазір сән болып кеткен жасандылықпен сұрқия идеяларды уағыздап, ізгіліктен ада істерді жасауда.Нәтижесінде діни тұрақтылықты, азаматтық қоғамды ғана емес, мемлекетті де бұзуы мүмкін.

Біз бұндай ұйымдарға қарсы тұрып, олардың іс-әрекетіне тыйым салып, азаматтарымызды олардың теріс ықпалынан қорғауымыз керек.

Біздің бәріміз үшін, барлық әлемдік, дәстүрлі - ұлттық діндер үшін ортақ адамгершілік пікірлердің жоғалмайтын өзектілігі барынша айқын бола түседі.

Осы съезде түрлі тілде түрлі дін қайраткерлеріайтқан шындықтарды еске алайық:

–«барлық жалпыадамзаттық өмір жалғыз Құдайға бағынышты» – ислам өкілінің сөзінен;

–«біздің арғы атамыз бір – Авраам»- иудаизмнен;

–«өз жақыныңды өлтіре көрме»- буддист айтқан;

–«бейбітшілік пен келісім өзіңмен және табиғатпен үйлесімділік арқылы»- Дао дінінен;

– «ол өзге дін өкілі болсын немесе тіпті кәсіп болсын – өзгеге көмектес»- православиелік христиандық;

–«әлем – Құдай сыйы, біздің кездесуіміз де – Құдай сыйы» - Ватикан діни қызметкері атап өткен.

Яғни, біз тағы бір рет барлық конфессиялардың сенім, төзімділік, келісім және адамды сүю арқылы бейбітшілікті уағыздайтындығына көз жеткіздік.

Сіздермен біздің осы ортақ пікіріміз – әлемдік дәстүрлі діндер уағыздайтын түрлі халықтар мен өркениеттер келіссөзінде байланыстырушы түйін болғандығын тағы бір растады.

Бізге қазір түрлі дін өкілдерінің ұзақ та тарихы бай өміріндегі жинақталған жасампаз тәжірибелерін пайдалану барынша маңызды.

Біздің барлығымыздың Құдайға барар жолымыз – бір. Түрлі діндер арасында барынша белсенді келіссөздер жүргізудің уақыты келді.

Біз беделді рухани лидерлер мен қарапайым діндарлардың біріккен жігерін танытатын тұрақты халықаралық конфессияаралық ұйым қажеттігін сезінеміз.

Осы қызметті әлемдік және дәстүрлі – ұлттық діндер форумы атқара алады деп сенемін.

Дін ХХІ ғасырда уағыздау мен дамудың көзі бола ала ма?

Осы екі күн ішіндегі біздің бірлескен жұмысымыз көзі бола алатындығын көрсетті деп ойлаймын.

Біз қарапайым әрі шынайы бір шындықты түсінуіміз керек – біздің барлығымыз қазіргі заманда өзара тәуелдіміз. Және осы өзара тәуелділік кез келген толқу пен өзгеріске барынша нәзік және сергек тетік болып табылады.

Біздің жалпы үйіміз – біздің ел ғана емес, біздің барлық Жер шарымыз екені маңызды.

Және біздер балаларымыздың, немерелеріміз бен шөберелеріміздің тыныштықта, сау ортада, өзге халықтармен, конфессиялармен келісімде өмір сүруін, соғыс пен жоқшылықты көрмегенін қалаймыз.

Біздің іс-әрекетіміз, біздің құлшылық етулеріміз және жан ашу сезімдеріміз Жер шарының ыстық нүктелеріндегі, түрлі наразылық аймақтарындағы миллиондаған адамдардың қасіреттері тоқтайтын ашық уақытқа жақындауымызға көмектеседі деп сенемін.

Біздің барлығымыз үшін Таяу Шығыста көптен күткен бейбіт өмір келетін, Балқандағы, Оңтүстік Азиядағы кейбір өңірлерде, Африка континентінде және өзге жерлерде шиеленістер тараған күн бақыт пен игілік күні болады деп үміттенемін.

Өз сөзімді аяқтай келе, біздің құрметті қонақтарымыз – делегация басшылары мен өкілдеріне олардың осы жұмысқа белсене араласқаны үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді.

Осы күндері біздің атымызға көптеген хат, жеделхаттар, электрондық пошта арқылы хабарламалар әлемнің түкпір-түкпірінен келді.

Осыған байланысты осы Форум идеясын және діндер арасында келіссөздер қажеттігін құптаған мемлекет басшыларына, саяси және қоғамдық қызметкерлерге, түрлі елдердің қарапайым адамдары мен қазақстандықтарға ерекше алғысымды білдіремін.

Маған сезілгендей Төзімділік, Шындық, Әділдік және Махаббат сияқты мәңгі шындықтар жолын ұстаушы біздерді растайтын формуланы жасадық деп ойлаймын.

Бұл біз қабылдаған Декларацияда көрініс тапты.

Біздер дін атын жамылған, дінді шынайы түсінумен ешбір ортақтығы жоқ экстремизм, сепаратизм, терроризм және зомбылықтың өзге түрлері адамзат үшін қауіп болып табылады деген ортақ пікірге келдік.

Біздер дінаралық келіссөз қоғамдық дамудың және барлық халықтардың игілігін арттыруда маңызды тәсілдердің біреуі болып табылатындығын таныдық.

Біздер адамзат бейбітшілігі мен алға дамуын, қоғамда тұрақтылықты келешектегі үйлесімді әлем негізі ретінде қамтамасыз ету ісінде барлық күшімізді жұмылдыруға дайын екендігімізді көрсете білдік.

Мен келесі Съезді дайындауға бізге көрсетілген сенім үшін осы форумға қатысушылардың барлығына алғысымды айтамын.

Бұл өздігінен Бейбітшілік пен келісім аумағын, үйлесім мен айқындық уақытын құру тетігі ретінде тұрақты дінаралық келіссөз идеясы іске асып келе жатқандығын көрсетеді.

Өз елдеріңізге жеткеннен кейін Астанадағы кездесуді ұмытпайды, хабарласуды, пікір алысуды және бейбітшілік пен келісімді дамыту, шиеленістер мен қақтығыстарды шешу бойынша күнделікті жұмысты жалғастырады деп сенгім келеді.

Егер біз өз қауым мүшелерімізге, біздің елдеріміздің азаматтарына осы жердегі әңгіме мәні мен негізін жеткізе білсек, осымен бейбітшілік пен келісім ісіне үлкен үлес қосамыз.

Біздің Съезді бірге қабылдаған Декларация сөздерімен аяқтаған дұрыс деп ойлаймын: біздің ісімізге Алла жар болсын, Жер шарының барлық халқына әділдік, бейбіт өмір және гүлденіп даму сый болсын.

Сіздер мен сіздердің елдеріңізге құт дарысын. Сіздерден қатер мен қайғы айналып өтсін. Сіздердің күндеріңіз адамдар игілігі, бейбітшілік және тұрақтылық туралы тілекке толы болсын!

**Барлықтарыңызға ақ жол!
Келесі кездескенше!**

* * *

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕНСӨЗІ

12 қыркүйек 2006 ж.

Құрметті әлемдік және дәстүрлі дін басшылары, съезд қонақтары!

Тұңғыш рет әлемдік дін басшыларының басын қосып, алғашқы съезімізді өткізгенімізге үш жыл да өте шығыпты. Қайыр-шапағаты мол сол бір кездесудегі уағдаласуымыз бойынша біз бүгін Еуразия кіндігі саналатын Қазақстанның жас елордасы – Астанада тағы да жүздесіп отырмыз. Бар күш-жігерін әлемнің әр түкпіріндегі алуан түрлі халықтарды бейбітшілікке, қайырымдылыққа, татулыққа шақырып, дүниеге ізгілік нұрын таратып жүрген Сіздермен кездесіп отырғаныма бек қуаныштымын.

Естеріңізде болар, сол жолғы бас қосуда келесі кездесуімізді жаңа Бейбітшілік пен келісім сарайында өткізу туралы шешім қабылдаған едік. Мен Сіздерге берген сол уәдемді орындап, аты әлемге әйгілі архитектор Норман Фостердің жобасымен осы ғажайып Сарайды салдырып, қазақ жеріне «Қош келдіңіздер!» деймін.

Сарайымыздың төрт тағаны дүниенің төрт бұрышына бірдей айқара есік ашқан. Бұл ғимарат әлемнің әр тарабындағы барша ұлттар мен дін өкілдеріне дос құшағын ашқан тәуелсіз Қазақстанның символы іспеттес. Өйткені тәуелсіздік жылдары Қазақстанды мекендейтін 130-ға жуық ұлт пен 40-тан астам діни конфессиялар арасында татулық, өзара келісім берік орнықты. Соның арқасында біз дамудың қазақстандық моделін ойдағыдай жүзеге асырып, экономиканы реформалауда зор табыстарға қол жеткіздік. Ядролық қарудан бас тартып, Қазақстанды бейбітшілік аймағына айналдырдық. Барлық көршілерімізбен тату қарым-қатынас орнатып, жаһандық қауіпсіздікті сақтауда өңірдің көшбасшысы атандық. Осының бәрі бізге бар ғұмырын әлемдегі алуан дінді ұстанған халықтарды тыныштық, бітімгершілік, татулық пен келісімге арнаған Сіздер сияқты дін басшыларын шақырып, келелі кездесу өткізуге мүмкіндік туғызып отыр.

Осындайлық өкілетті форум Астана аспанының астында осымен екінші рет өткелі отыр. Мен Сіздерді құттықтаймын және біздің мәртебелі қонақтарға өзімнің ықыласым мен алғыс сезімімді білдіргім келеді. Біздің бірінші форумда салынатыны туралы мен айтқан Бейбітшілік және келісім сарайы бүгін алғаш рет сіздерге есігін айқара ашты.

Осында, Астанада, 2003 жылы болған Әлемдік және дәстүрлі діндердің бірінші съезі бүкіл әлемнің назарын аударды. Оған дейін конфессиялардың өкілеттігі жөнінен сондайлық әмбебап форум болған емес. Астанадағы сол жолғы кездесу діндердің жаһандықұнқатысуы, өңірлікте, сол секілді әлемдік те ауқымдағы түрлі форумдар, конференциялар үшін айтарлықтай серпін берді.

Бүгін біз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің екінші съезінашып отырмыз. Егер үш жыл бұрын біздің форумға 17 конфессиялық делегация қатысқан болса, бұл жолғы Съезге енді 29 делегация қатысуда. Бұл өзгеріс атап айтарлықтай және біздің форумның беделініңөсе түскенін бейнелейді. Ол біздің өзара түсіністік, қазіргі дүние туындатып

отырған күрделі сұрақтарға жауаптарды бірлесе іздеу жолымен келе жатқанымызды білдіреді.

Бірінші форумнан бері өткен уақытта дінаралық үнқатысудың мәні тек қана өсе түсті. Өкінішке орай, осы жылдары әлемнің барлық дерлік континенттерінің аумағында болған көптеген қайғылы оқиғалар сандаған жанжалдарды бір ғана саяси немесе күш қолдану шараларымен шешу мүмкін еместігін тікелей де тиянақты түрде көрсетіп берді.

Бұл ғана емес, «Құдайды іздеу» пердесін жамылып, барша ұлы ұстаздар айыптайтын шын мәніндегі үрейлі әрекеттер жасалуда. Екінші жағынан, белгілі бір дінді агрессияшыл деп айыптаудың біржақты әдеті айқын әлпетке көшті.

Осынау өзара үзілді-кесілділік бәсеңдейтін емес. Дегенмен өркениетті адам – бұл кейде өз көзқарастарына күмән келтіріп, жағдайға басқа көзбен қарауға қабілетті адам. Мұның өзі кей кезде саясатшыларда жетісе бермейді. Бірақ та жаңағыдай қасиеттер биік руханият адамдарын, оның үстіне бүтін осынау тамаша залда отырған адамдарды әрдайым даралап тұрады.

Біз кей-кейде бір ұлы діни қағидат туралы, ой-ниетте, сөз бен әрекетте күштемеу қағидаты туралы ұмыта береміз. Бірақ та осынау бағзы қағидаттың астарында әбден осы заманғы нәрселер тұрады.

Адамның ой-ниеттерге, көңіл-күйге, алаңдаушылықтар мен күмәнданушылықтарға толы ішкі жан-дүниесі – бұл рухани жан-дүние, діни ізденістер жан-дүниесі. Күн күркірегендей жаңғырығы бар телевизия, интернет пен баспасөз – бұл сол баяғы сөз. Ал әрекет – осы ой-ниеттер мен сөздерді іс-қимылға айналдыратын саясатшылардың саласы. Діни доктрина деңгейінде, медиа құралдар деңгейінде және саяси іс-әрекет деңгейінде күштеуден бас тарту ғана осы заманғы дүниеде аман қалудың нақты негіздері болып табылады.

Солай болса-дағы барлық үш деңгейде өсіп бара жатқан агрессияшылдық айқын байқалады. Дінқайраткерлері бір-діннің екіншісінен артықшылығы туралышындап байсалды пікір білдіре бастаса, онда жанжал әу бастан қалыптасқаны айқын болады. Бұқаралық ақпарат құралдары басқа діндегілердің қасиетті сезімдерін қорлауды ұшындыра түссе, онда бұл журналистердің ерте ме, кеш пе өз нанымдарының қорлануымен бетпе-бет келетіні айқын болады. Саясатшылар этнодіни жанжалдарды шешудің күштеу әдісін қолдануға еш шімірікпестен бұйрық берсе, соғыс олардың өз үйлерінің табалдырығына келетіні айқын болады. Бұл ұштағанда агрессияшыл жақ болмауы тиіс. Бірақ та оның негізіндегі дін қайраткерлерінің ұстанымында агрессияшылдық жоқ болуы тиіс.

Жанжалдарға толы әлемдегі осы заманғы үнқатысу көп ретте саңыраудың мылқаумен үнқатысуын жиі еске салады. Мұнда үнқатысуға деген еш мұқтаждық жоқ, содан кейін тараптар тағы да өзінің даусыз дұрыстығына сеніп тарасады.

Меніңше, түрлі салаларда жұмыс істеп жатқан қағидаттар бұл салада да жұмыс істей алар еді. Меноларды түсіністік қағидаттары деп атар едім.

Бұл әлі үнқатысу емес, бұл оны бастау үшін негіз. Бірақ та мұндай негіз болмаса, кез келген үнқатысу уақытты зая кетіруге айналады.

Біріншіден, алдын ала кесіп-пішусіздік, өзара қабылдаудың ғасырлар бойы қалыптасқан қасандықтарынан бас тарту. Келеңсіз қасандықтардан бас тартпайынша, үнқатысуға кірісудің қажеттігі жоқ. Қазақстанның ұзақ та қасіретті тарихында қаскөйлік пен қантөгістің мысалдары аз емес. Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы отыз жылында қазақтардың үштен біріне жуығы қырып-жойылды, сұмдық қиын жағдайларда опат болды

немесе шетелге эмиграцияға кетті. Мұның бәрі біздің есімізде, бірақ та мұны өшпенділік пен өштесудің тақырыбы жасаған емеспіз. Тарихи қасандықтардың қауіптілігі көп ретте мынада болады: олар тіпті өділ бола тұра ізгілікке емес, жауыздыққа шақырады. Бүгінгі дүниеде жаңа түскен жарақаттар мен құрбандықтар тым көп. Бірақ та мендегі саясатшы тәжірибесі бір нәрсе туралы өз қасандықтарыңнан өте алу қажеттігі туралы айтады.

Екіншіден, басқаның тылсымсаласына баса-көктеп кіруден саналы түрдебастарту. Біреу үшін қасиетті нәрсе басқа біреу үшін әзіл немесе келемеж тақырыбы болмауы керек. Бұл – қарапайым қағида, өкінішке орай, оны журналистер мен саясатшылар ғана емес, сонымен бірге басқа діндерге қатысты өз сөздеріне немқұрайды қарайтын дін қызметшілерінің өздері жиі бұзады.

Біз Қазақстанда 40-тан астам конфессияның өкілдері бейбіт қатар өмір сүруде деп жиі қайталаймыз. Және бұл жай айтылған сөз емес – соңғы 15 жылда сіздер бір де бір қазақстандық газеттен немесе телеарнадан белгілі бір дінді ұстанушылардың сезімдерін қорлауды көре алмайсыз. Бұған ел Конституциясы тыйым салады. Бұл ретте осы жылдары ешкімді жазалауға тура келген жоқ. Жауабы мен түсініктемесі қарапайым ғана – қоғамда тұтастай алғанда барлық діндарларға төзімділік пен түсіністік ахуалы қалыптасты.

Үшіншіден, әлемдік және дәстүрлі діндердің жаңа, қалыпты емес қатерлерге бірілескен жауабы. Егер саясат әлемінде мұндай қалыпты емес қатерлер лаңкестікпен, жаппай қырып-жою қаруының таралуымен, трансшекаралық қылмыспен байланысты болса, рухани дүниеде бұдан әлдеқайда іргелі қатер туындауда. Бұл – мыңжылдық рухани дәстүрлерден қолзушылық. Бұл құбылыс сенім-нанымға қарамастан, барлық континенттерде болып жатыр. Бұл – жиырмасыншы ғасырдың байырғы бейбіт секуляризмі немесе қарабайыр атеизмі емес. Бұл – әлемдік діндердің дәстүрлерімен байланысты руханият тұрпатын түбегейлі жоққа шығарушылық. Осы заманғы діни институттардың негізін бұзыптастауы мүмкін бұл қатерді түсінбеушілік даудың әлдеқашан жоғалтқан өзектілігін туындатады. Осы заманғы әлемдегі рухани ахуал өте өзгермелі және қалай дегенде де қоғамның бір бөлігі болып табылатын діни институттар жаңа тәуекелдерді және өз болмыстарының ең негіздеріне төнетін қатерлерді ескеруге мәжбүр.

Бұл қағидаттар өзіндік біртүсіністік өзегін құрай алар еді.

Адам қызметінің кез келген саласында кейбір ең ортақ қағидат бар. Өзінің формасы жағынан саяси үнқатысуға жақын, бірақ та мазмұны бойынша шексіз терең діни үнқатысу саласында мынадай айқындама сондай қағидат бола алар еді: «Үнқатысу үшін негізді құдіреттіктегі пенделік арқылы емес, пендедегі құдіреттік арқылы іздеу». Бұл қағидаттың бүкіл абстрактылығына қарамастан, ол өте маңызды.

Шын мәнінде көптеген діни доктриналардың сыйыспаушылығы құдіреттіктен емес, пенделіктен туындаған. Бүкіл әлемдік діндердің Құдайдың жалғыз екендігін мойындауы мұны айқын көрсетіп отыр.

Басқа да себеп бар. Барлық ұлы діндер елеулі рухани өзгеру, Құдай алдында адамның өзінің кішкентай «менін» ұмытуы туралы айтуда.

Ақырында, барлық ұлы рухани ұстаздар өркөкіректіктің, бәрін де білемін деген өркөкіректіктің айрықша қауіптілігі туралы айтқан. Құдай сөзін адамдарға бәрінен де жақсы жеткіземін деп кім айта алсын? Меніңше, мұның өзі нақ сол күнә болып шығады.

Практикалық тұрғыда бұл қағидаттың ерекше рөлі мынада, өз дінінің басты құндылықтарын бұзбастан, қалай болғанда да дүниеге басқа рухани перспективаларды ескере отырып қарау керек. Саясатшылар өздерінің іс-қимылдарында кейбір терең діни

постулаттардың, оларды түсінгендеріне немесе түсінбегендеріне қарамастан, жетегінде кететініне әбден сенімдімін. Сондықтан әлемнің діни лидерлерінің басқа діни жүйелерден пенделікті емес, құдіреттікті іздеу қағидатын ұстануға әзірлігі әлемдегі әлдеқайда ізгі саяси іс-қимылдардың негізі бола алады.

Діни төзімсіздіктің өсуі – бір жағынан жаһанданудың нәтижесі. Түрлі мәдениеттер мен діндердің орасан зор болмыстары тікелей қатынасқа түсті. Бәрі көші-қон, телевизия, мәдени модельдер арқылы араласып кетті. Жаһандану жаһандық экономикалық әділетсіздікке көзімізді ашты. Миллиардтаған азып-тозған адамдаросы заманғыәлемде қалай өмір сүруге болатынын көрді және оларешқашан солай өмір сүрмейтінін түсінді.

Осындай жағдайда өзіндік бір «рухани қашу» жүріп жатыр. Бірақ та бұл «Құдайға қашу емес», «нақтылықтан қашу» еді. Бәрі де, дін Құдайды іздеу емес, өзіңнің осы заманғы әлемге, оның әділетсіздігіне деген жеккөрушілігіңді ақтаудың айқындамасын іздеуге айналғанда, жаңа мәдени талдырумен аяқталуы кәміл. Уақыт шынында да кері кетуі мүмкін. Бір ғана саяси акциялармен осынау жаһандық мәдени тығырықтан шыға алмайсың. Мұнда рухани ұстаздардың рөлі шешуші болады.

Халықты саяси жұмылдыру үшін дінді пайдалану – бұл тарихта сан рет қайталанған қадам. Әрдайым қасіретпен аяқталған қадам. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің айрықша жауапкершілігі мынада, діни уағыздар саяси жанжалдарға бастамасын, оларды мемлекеттік құрылымдар мен астыртын ұйымдар өздерінің құдірет ісінен алыс міндеттерін шешу үшін пайдаланбасын.

Кез келген шынайы мәдениеттің негізінде Құдайға табыну жатыр. Нанымға негізделген мәдениеттер мыңдаған жылдар бойы тарихтағы өзінің жанды сөзін сақтаған. Кейбір тұрғыда өзіңнің діни рухыңды сақтау тарихта тұтас халықтарды сақтаудың кепілі болады. Әлбетте, дүние ешқашан бір өркениетті жобаның негізінде құрылмайды. Біздер, саясатшылар үшін тарихтың, соның ішінде осы заман тарихының бұл түйінді элементін түсіну өте маңызды. Дүние жаңа ғасырдың алты жылындағы ауыр күйзелістерден кейін, жаһандық лаңкестіктен кейін, көз алдымызда өсіп бара жатқан ядролық қарудың таралу қатерінен кейін, аса ауыр адам құрбандықтарынан кейін жай ғана бір фактіні түсінуге жеткен сияқты. Атап айтқанда, дүниенің мәдени және діни саналуандылығы бұл нақтылық, оны адамзат баласының болмысы ретінде түсініп, қабылдау керек. Саясатшылардың кезкелген басқа көзқарасы дүниеде жарылыс туғызуы мүмкін.

Бір мәдени дәстүрдің өз құндылықтарын басқа мәдениеттерге таңу ниеті, басқаның сызғыштары бойынша қоғамдық қатынастарды құру әрекеті ешқашан өзара түсіністікке жеткізбейді. Керісінше, мұндай қатал мәдени жаулаушылық одан кем емес қатал қарсылықты туғызады. Басқа халықтардың тарихи дәстүрлеріне деген құрмет қана, өркениеттердің, діндер мен халықтардың қатынасындағы әділдік пен шынайылық қана келісім мен имандылық әлемін құруға қабілетті.

Адам деген өзінің шешілмеген мәселелерін көк жүзіне апарып тіреп қоюға бейім тұрады. Сонымен бірге қоғамның да тұтастай алғанда кәдуілгі жайлардың өзіне діни сипат беретін кездері көп. Діндер арасындағы жанжалдармен қарама-қайшылықтар делініп жүргендердің көбі мемлекет арасындағы, экономикалық топтар арасындағы, нақты саясаткерлер арасындағы жанжалдар болып келеді. Дін – адамның ішкі жан-дүниесіндегі тылсым сөз, ал оны адамдар арасындағы қоғамдық келісім деп атап жатады.

Дінаралық үнқатысуға қол жеткізу үшін бүгінгі күннің мәселелерінен бойды аулақ салуға болмайды. Егер бұрын әңгіме діндердің тарихтың ұзына бойында кейде келісіп, кейде

кетісіп жүруі жөнінде қозғалса, қазіргі әңгіме діни және зайырлы әлемдердің жаһандық үнқатысуы жөнінде қозғалып отыр.

Осы заманғы қоғам ұзақ эволюциялық даму барысында аса байыпты үш қағидатты қалыптастырды. Олар – жеке тұлғаның ішкі бостандығы, меншіктің қорғалуы, қоғам мен мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау. Алайда бұл қағидаттарды мойындамайтын саяси идеологиялар да бар. Бүгінгі дәуірдің көптеген геосаяси қиян-кескі шайқастары осы қарама-қайшылыққа шырматыла байланған. Мәселе діндердің жанжалында емес, дінге қатысы жоқ құндылықтардың жанжалы жөнінде болып отырғанын мойындайтын уақыт жетті.

Қазақстан өзінің нақтылы саясатында адамның ішкі бостандығы ғана конфессияаралық төзімділіктің шарты екенін басшылыққа алады. Тап сондықтан да, тарихи тұрғыдан исламның мәдени материгінің бір бөлігі бола тұра, біз Қазақстандағы барлық әлемдік және дәстүрлі діндердің өркен жаюына кедергі келтірмейміз.

Мемлекет, ұлт немесе дін бөгде мәдени кеңістікті басып алу, жаулап алу тұрғысынан қарастыра болса, онда әманда өзінің өмір сүру ортасын аздырып-тоздырмай қоймайды. Қазақтарда бағзы замандардан бері әр өңірдің өзінің әулиесі, өзінің рух берер күштері, өзінің сыйынар аруақтары болған. Адамның, діннің, жердің мұндайлық терең өзара кірігуі – жүздеген жылдар бойы менің халқымның жанын сақтап қалған құтқарушы сүзгі сынды. Қазақтар кең болғанның кем болмайтынын кітаптан оқып емес, өмірден тоқып білген.

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері Қазақстанда діни қарым-қатынастар саласында сарабал мемлекеттік саясат жүргізіліп келеді. Бұл саясат мынандай негізгі қағидаттарға арқа сүйейді. Мен оларды келісім қағидаттары деп атаған болар едім.

Біріншіден, бұл ар-ождан және діни сенім бостандығын заңдық және институттық тұрғыдан қамтамасыз ету.

Конституция деңгейінде конфессиялық және басқа да әлеуметтік белгілері бойынша кемсітудің кез келген түріне тыйым салынады. «Қазақстан Республикасындағы ар-ождан және діни сенім бостандығы туралы» Заң діни бірлестіктердің емін-еркін қызмет етуі үшін барлық құқықтық негіздерді қалыптастырып берді. Еліміз адам құқығын қорғау саласында қырықтан астам халықаралық келісімдер мен шарттарға қосылды, олардың арасында БҰҰ-ның осы саладағы іргелі пактілері де бар.

Екіншіден, біз мемлекеттің конфессиялардың өз қызметтерін жүзеге асыру үшін тең және қолайлы жағдай жасау жөніндегі міндеттілігін басшылыққа аламыз. Дін саласын ырықтандыру діни мекемелердің санын күрт өсірді – олардың саны тәуелсіздік жылдарында бес есе артты.

Қазақстан халқының басым көпшілігі өздерін мұсылман санайды. Сонымен бірге исламның Қазақстанда басымдыққа ие болуы басқа діндерді ұстанушылардың өздерінің әдет-ғұрыптарын толыққанды атқаруына тіпті де кедергі келтірмейтінін қадап айтамын.

Мұсылмандықтан өзге конфессиялардың діни мекемелерінің санының өсуі назар аудартады. Тәуелсіздік жылдарында православие дін орындарының саны төрт есе, католик шіркеулерінің саны екі есе өсті. Протестанттар бірлестіктерінің мыңнан астам миссиялары мен мінәжат үйлері жұмыс істейді, елде сондай-ақ 21 иудей қауымдастығы бар, көптеген ғасырлардың ішінде алғаш рет будда храмы тұрғызылды.

Үшіншіден, Қазақстандағы конфессияаралық үнқатысуды ынталандырып отыру біздің жұмысымыздағы маңызды бағыт болып табылады.

Біз ұлтаралық және дінаралық үнқатысудың Қазақстан халықтарының Ассамблеясы сынды бірегей институтын құрдық.

Бұған қоса биылғы жылдан бастап біз өз тарихымызда алғаш рет дінге сенушілер ғибадаттық іс-шараларын толыққанды атқара алатындай болуы үшін аса маңызды діни мерекелерді демалыс күндері деп жариялағанымызды да айтқым келеді

Ұлтаралық және дінаралық келісімнің бізде қалыптасқан үлгісі –Қазақстанның әртүрлі конфессиялардың өзара іс-әрекет етуінің жалпыәлемдік үрдісіне қосқан үлесі. Бізді халықаралық ауқымда дәл осылай танығанын қалаймыз.

«Құдайды іздеймін» деп қаңғырып қалғандардың торына түспес үшін ерекше сақтық және біршама салауатты консерватизм керек. Саясаткер ретінде маған дәстүр мен жаңаны іздеушіліктің арасындағы үйлесімділіктің қажеттігі – басы ашық нәрсе. Алайда әлемдік және дәстүрлі діндердің рөлі рухани мұраны сақтау тұрғысында ғана аса ауқымды емес. Бұл арада ғасырлар бойы жинақталған рухани тәжірибе де бар, адамның ақыл-ойына сыймайтындай кейбір эксперименттерден сақтап қалар жалғыз күш те сол. Біз қазірдің өзінде құдай іздеушіліктің оғаш, шектен шыққан түрлерінің, сондай-ақ гендік технология саласында дәстүрлі этика аумағынан асып кететін тәжірибелердің жаппай шабуылға шыққан шағын бастан кешіріп жатырмыз. Сондықтанда жаһандық өлшеммен қарағанда, әлемдік және дәстүрлі діндердің рөлі көкейкесті бола түсіп қана қоймай, олар адамның шынайы рухани қазынаны сақтап қалуының түйінді факторына да айналып келеді.

Мен біздің форум қабылдайтын құжаттардың мазмұнынан хабардармын. Сіздердің назарларыңызға қосымша бірнеше идеяларды ұсынғым келеді, олар алдын ала сипатқа ие және кейінірек бүгінгі кездесу шеңберінің сыртында талқылауға болатын идеялар.

Дін сөзінің бүгінгі әлемдегі маңызы арта түскенін ескере отырып, біз Қазақстанда 2000 жылдан бастап елдің басты телевизиялық арналарының бірінде тұрақты түрде «дін сағатын» жүргізе бастаймыз. Бұл арқылы дін көшбасшыларына миллиондаған адамдарға қайырымдылық пен діни төзімділік мінәжатын тікелей арнауға мүмкіндік беріледі. Осы залда отырған адамдардың және оларды қолдайтын діни институттардың аса биік беделін білгендіктен де, мен сіздерді өз елдеріңіздің үкіметтеріне осы үлгіні қолдау және Жер шарының барлық материктері мен құрлықтарында осыған ұқсас ғимараттар тұрғызу жөнінде ұсыныс жасауға шақырар едім.

Бейбітшілік пен келісім сарайын салдыра отырып, мен осынау қабырғалар қандай асқақ ойлы рух пірәдарларының сөзімен жаңғырығар екен деп арман еткен едім. Менің арманым орындалды. Алайда, жалғасын таппаған арман алысқа апармайды. Мен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерін жылына бір рет қазақстандықтар алдында осы Сарайда құрметті дәріс оқу үшін ресми түрде шақырғым келеді. Егер исламның, христиандықтың, буддизмнің, индуизмнің, даосизмнің, иудаизмнің, конфуцийшілдіктің немесе синтоизмнің әлемдік лидерлері жыл сайын менің отандастарыма бейбітшілік пен келісім сөзін жеткізіп тұрар болса, мұның өзі Еуразияның аса бір жарқын рухани құбылысына айналар еді.

Бүкіл әлем астаналарының басты сәулеткерлік сәні қай кезде де соборлар, мешіттер, шіркеулер, храмдар, пагодалар болып келген. Бізде де солай. Алайда, жаңа мыңжылдықта дінаралық түсіністік сөз күйінде ғана қалмауға тиіс. Ол материалдық, архитектуралық пішінде өз көрінісін табуы керек. Біздің ойымызша, адам жанындағы және адамдардың жанының арасындағы бейбітшілік пен келісімнен маңызды рәміз болмақ емес. Жаңа ғасырдың басында Астана осындай архитектуралық рәміздің үлгісін көрсетіп отыр, сондықтан да біз, ерте ме, кеш пе, бүгін Қазақстанда діни лидерлері бас қосқан елдердің астаналарында өздерінің Бейбітшілік және келісім сарайлары салынады деп үміт етеміз.

Дінаралық қарама-қайшылықтардың, сондай-ақ дінаралық үнқатысудың жаһандық сипаты Біріккен Ұлттар Ұйымы таяудағы жылдардың бірін діни және мәдени толеранттылық жылы етіп жариялайды деп айтуға мүмкіндік береді. Бұл бастама осы заманғы әлемнің көптеген елдерінің атынан айтыла алады деп ойлаймын.

Сөзімді қазақтың данышпан ойшылы Абайдың мына ойымен түйіндегім келеді:

"Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақжерің - бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың - бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?"

Бұл сөздер осы форумға қатысушылардың бәрінің де көкейінен шығады деп ойлаймын.

Құрметті қонақтар!

Біз бүгін, адамзат баласына Жаратқан иеміз тарту еткен бірегей құндылықтар – өзара түсіністік, бейбіт өмір, берекелі тұрмыс пен ортақ мәмлеге қарай тағы бір ұлы қадам жасадық.

Біз баршамызға аян мына бір шындықты ешқашан естен шығармауымыз керек: Жаратушы – жалғыз, дүние – ортақ, аспан асты – кең, ендеше, біз бір атаның баласы, бір ананың перзенті ретінде бір-бірімізбен береке-бірлік пен ынтымақта өмір сүруіміз керек.

Байқап қарасаңыздар, соңғы уақытта дүниенің түкпір-түкпірінде жаһандық жаңа қатерлер бой көтерді. Сондықтан да түрлі діндердің ғасырлар бойы жинаған мол жасампаздық тәжірибесін пайдаланып, Құдай сөзін бітімгершілік пен келісімнің пәрменді құралы ретінде пайдалануымыз керек.

Осындай ізгі мақсат жолындағы Сіздерге Жаратушымыздың рахманы мен рахымын тілеймін.

Назарларыңызға рахмет!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ
Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ
ЕКІНШІ СЪЕЗІНІҢ ЖАБЫЛУЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

13 қыркүйек 2006 ж.

Құрметті Съезге қатысушылар, қымбатты қонақтар!

Мен әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі үнемі әрекет ететін беделді халықаралық форумға айналып бара жатқанын қуанышпен атап кеткім келеді. Бұл – конфессионалдық келіссөз бастамасы барынша қажетті және халықаралық өмірдің нақты факторы болып қалатынын білдіреді.

Сондықтан Съезге қатысушылардың дінаралық келіссөздің әмбебап қағидаттарына бірыңғай түсіністікпен келіп, оларды мақұлдағаны ерекше маңызға ие.

Олардың зор маңыздылығын ескеріп, оларды Біріккен Ұлттар Ұйымының қарауына жіберуді ұсынамын.

Құрметті басшылардың баяндамалары, қол жеткізілген жарыссөз конфессия лидерлерінің келіссөзге даярлығын және оны төзімділік пен өзара сыйластық күйде өткізу ұмтылысын тағы бір көрсетіп кетті.

Съезге қатысушылардың дінаралық қатынастар саласында конфронтация идеологиясының зияндығы мен жалғандығы туралы тіке жарияланғаны өте маңызды. Ол діни экстремизмді өршітуге ұмтылып отырғандарға ғана керек. Бүгінгі күні діни экстремизм мен терроризм дәстүрлі емес және ұтымсыз идеялық қаруға айналып отырған экстремистік көзқарастың барынша жаңа жүйесінен күш алып отыр.

Бұдан бес жыл бұрын дүниені 2001 жылы 11 қыркүйектегі қасірет дүр сілкіндірді, АҚШ-тағы өзінің қатыгездігі жағынан сұмдық лаңкестік әрекеттер күш қолдану мен террорды уағыздайтын бүлдіруші күштердің қаншалықты қауіпті болатынын көрсетті. Біз дүниенің шетін әрі өзара байланысты екеніне тағы көз жеткіздік.

Содан кейін жаһандық қатердің алдында бүкіл әлем осынауқасіретке қарсы бірікті. Бүгінгі күні адамзаттың болашағы қандай болатыны бізге байланысты. Біз лаңкесшілдік идеологиясын тамырымен жойып, ізгіліктің жалпыадамзаттық құндылықтарын орнықтыру үшін бүкіл күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз.

Сондықтан лаңкесшілдіктің бүлдіруші идеологиясына толеранттылық, келісім мен үнқатысу идеологиясын қарсы қою керек.

Біздің форумда күмәнді саяси мақсаттарды ақтау үшін діни идеологияны пайдалануды болдырмауға тиіспіз деген өте маңызды ой айтылды.

Мыңдаған жылдықтар дін жан-жүректе тыныштандырудың бастауы, халықтар мен мемлекеттер арасында өзара ықыластылықтың факторы қызметін атқарды. Діннің осындай әлеуетімен салыстыруға келетін бүгінгі дүниеде бір нәрсе бола қоймас.

Біздің форумның жұмысында маңызды орындыосы заманғы өркениеттің құндылықтарын сақтау және нығайту мақсатында дінаралық серіктестікті дамыту тақырыбы алды. Әңгіме діни сананың ізгілігі, діннің мәдени мұрасы, діни дәстүрлердің саналуандығы, қағидаттық тепе-теңдігі мен діни дәстүрлерді құрметтеу, рухани тәрбие мен тәлімгерлік секілді құндылықтар туралы болып отыр.

Барлық осынау аса маңызды тезистер Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің Екінші Съезінің қабылданған Декларациясында көрініс тапты. Бұл құжатта «қарсы тұру

идеологиясын» «бейбітшілік мәдениетімен» алмастыруға деген жаһандық қажеттілік жинақы тұрғыда көрініс тапты.

Мен мәдениет пен діндер үнқатысуын қамтамасыз етудегі Қазақстанның күш-жігерін, ұлттық, мәдени, діни төзімсіздікпен күрес жөніндегі біздің қызметімізді жоғары бағалаған Съезге қатысушыларға ризашылық білдіремін. Бұл әрдайым Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының шешуші басымдылықтарының бірі болып қалады.

Осыған байланысты мен бүгін Съезд аясында Халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығын құру туралы бастаманы хабарлағым келеді.

Діни және мәдени проблемалармен қатар Орталық ағартушылық ғылыми-зерттеу және гуманитарлық жобаларды жүзеге асырып, әлемдегі діни ахуалдың мүмкін болатын жанжалдық жәйттерін зерттеумен айналысар еді.

Мұндай Орталықтың маңызды міндеті – халықаралық шараларды өткізу және түрлі елдердің діни қайраткерлері мен саяси дегдарларының арасындағы байланыстар мен өзара түсіністікке жәрдемдесу, кітаптар шығару.

Сіздердің ризашылықтарыңызбен Орталық таяудағы уақыттың өзінде жұмысын бастап, осында, Бейбітшілік пен келісім сарайында орналаса алар еді. Сіздер бұл бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін.

Сөзімді қорытындылай келе біздің ортақ мақсатымызға қол жеткізудегі –лайықты бүгіміз бен қауіпсіз болашағымызды қамтамасыз етудегі діни лидерлердің негіз құраушы ролін тағы да атап өткім келеді.

Делегациялардың басшылары мен барлық қатысушыларға сіздердің адамдарды жақындастырудың мәртебелі ісіне қосқан үлестеріңіз үшін және біздің форумға белсенді қолдау танытқандарыңыз үшін ризашылық сезімін білдіруге рұқсат етіңіздер.

Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін алғысымды білдіремін!

* * *

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

1 шілде 2009 ж.

**Құрметті съезге қатысушылар!
Мәртебелі меймандар!**

Құшағы кең, қонақжай қазақ жеріне келген қадамдарыңыз құтты болсын!

Астанада үшінші рет өткізіліп отырған Әлемдік және дәстүрлі діндер съезіне шақыруымызды қабыл алып, бүгінгі алқалы жиынға қатысып отырған сіздердің баршаларыңызға қазақстандықтар атынан шынайы ризашылығымды білдіремін.

Адамзатқа ортақ құндылықтарды жинақтап, ортаға салып ой бөлісіп, өркениеттер үндестігін нығайтсақ деген ізгі мақсат, асыл мұраттар сіздерді Астана қаласына топтастырып отыр.

Астана төрінде осы күндері сіздер тарапынан айтылатын салиқалы сөз, салмақты ұсыныстар дүниенің түкпір-түкпіріне тарап, Жер шарында бейбітшілік пен өзара бәтуаластықтың орнығуына септігін тигізеді деген үміттемін.

Азия мен Еуропаның, Батыс пен Шығыстың бел ортасында бой көтерген Астана қаласы бүгінгі таңда алуан түрлі ұлттар мен діндердің де тоғысып, жарасым тапқан орталығына айнала бастады.

Біз Қазақстан халқының діни және этносаралық татулықты ту еткен асыл қасиеттерін әрдайым мақтан тұтамыз. Бұл жетістігімізді әлем жұртшылығына үлгі етуге ұмтыламыз.

Біз жаңа мыңжылдықта да толастамай отырған әлемнің әр бұрышындағы діни текетірестер мен ұлттық қақтығыстардың алдын алуға ықпал етіп келеміз.

Астанадағы бүгінгі басқосу да біздің осындай табанды ұстанымымыздың бір көрінісі.

Сондықтан, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезі дүние жүзінде дінаралық келісімнің өркен жайып, өркениеттердің өзара үндестік табу ісінде айтарлықтай рөл атқарады деп есептеймін.

Құрметті Съездің қатысушылары мен меймандары!

Біздің шақыруымызға үн қосқан, сөйтіп адамдарға өз баталарын беріп, дінбасы аманаттарын тапсыру үшін осында жиналған бүкіл әлемнің діни лидерлерін - Қазақстанның достарын есен-саулықта көру мен үшін бір ғанибет.

Сіздердің әлем туралы діни қамқорлық сезімдеріңіз, Жер бетінде келісімге қол жеткізу ісіне деген сіздердің берілгендіктеріңіз осымен үшінші рет баршаңызды Астанаға жеткізіп отырғанын біз жоғары бағалаймыз.

Біздің жас елордамыздың мәртебелі меймандарды өзінің туған күні қарсаңында қарсы алуының нышандық сипаты бар.

Астана - бұл конфессияаралық келісімнің қаласы. Бейбітшілік және келісім сарайы, мешіттердің мұнаралары, христиандық храмдар мен синагогалардың күмбездері, басқа дін өкілдерінің ғибадат үйлері қала архитектуралық ансамблінің және оның рухани өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналып келеді.

Астана - бұл өзінің бүкіл тарихында аса ұлы өркениеттердің тарихи және мәдени мұраларының тоғысу орталығы болған елдің ордасы.

Бүкіл әлемнің саны жағынан жылдан жылға өсе түскен діни, мемлекет және қоғам қайраткерлері Съезд жұмысына қатысуды өзі үшін маңызды санайды. Егер 2006 жылы біздің форумға 29 делегация қатысса, бүгін осы залға әлемнің 35 елінен 77 делегация жиналып отыр.

Мен Исламның аса беделді өкілдерін құттықтауға қуаныштымын. Біз сіздерге: "Ассалаумағалейкум!" дейміз.

Біз үшін өзімізде Христиандықтың көрнекті қайраткерлерін қабылдау үлкен құрмет. Сіздерді өздеріңіздің тақуалық қайрандарыңызда Құдай сақтасын!

Иудаистік қауымдастық лидерлеріне сөз арнап, біз "Шалом алейхем!" дейміз.

Біз Шығыстың бағзыдан келе жатқан діндері - Буддизмнің, Индуизмнің, Даосизмнің, Синтоизмнің және Зороастризмнің өкілдерін Съезімізге қатысуымен құттықтаймыз. Нұр жаусын сіздерге!

Бүкіл әлемнің көптеген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері біздің шақыруымызға үн қосып, осы форумға қатысып отырғанына қуаныштымыз.

Сіздердің барлықтарыңызға біздің Съезге қатысу мүмкіндіктерін тапқандарыңыз үшін ризашылық білдіремін.

Қымбатты достар!

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесі посткеңестік кеңістікте барынша табысты тәжірибелердің бірі ретінде мойындалған.

Біздің елімізде 3200 дерлік мешіттер, шіркеулер мен ғибадат үйлері жұмыс істейді. Бұрнағы күні ғана осында, Астанада мен жаңа Күмбезді мешіт тұрғызылатын жерге құты салдым. Келесі жылы біздің өңірдегі ең үлкен шіркеулердің бірі православиелік Успения Құдай Ана храмының құрылысы аяқталатын болады.

Екінші Съезге салынған Бейбітшілік және келісім сарайы өткен үш жылда еліміздің шынайы рухани орталығына айналды. Мұнда түрлі конференциялар мен форумдар жүйелі өтіп тұрады.

Мен өткен Съезде уәде еткенімдей, біз Халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығын құрдық, ол да осы Сарайда орналасқан.

Мемлекеттің қолдауымен Қазақстанда Ислам мәдениеті мен білімінің қоры құрылуда.
* * *

Сан ғасырлар бойы түрлі этностар мен діни нанымдардың рухани мұрасымен кемелденген Қазақстанның біртұтас халқы өз бойына толеранттылық, діни төзімділік және жаңа атаулыны қабылдауға деген ашықтық секілді қасиеттерді қалыптастырған.

Сондықтан да біз ғасырлар бойы қалыптасқан осынау адамгершіл императивті бүкіл адамзатқа жеткізуді өз міндетіміз сезінеміз.

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдау білдірген айтулы бастамаларының бірі 2010 жылды "Халықаралық мәдениеттер жақындасуының жылы" деп жариялау болды.

Сондай-ақ, Қазақстанға алдағы жылдары Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға және Ислам Конференциясы Ұйымына басшылық жасаудың жоғары сенімі көрсетілгенін мақтанышпен атап өте аламын.

Біз ЕҚЫҰ және ИКҰ бойынша өз әріптестерімізге Съездің шешімдері мен ұсыныстарын мақсатты түрде жеткізіп, оларды өз төрағалығымыздың кезеңінде іске асыруға ұмтылатын боламыз.

* * *

Қазақстанның бастамасы бойынша шақырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі де осы заманғы діндер арасындағы жаһандық үнқатысудың құрамдас та ықпалды бөлігіне айналды. Ол елеулі рөл атқарып, діни лидерлердің, діндер мен халықтардың арасындағы өзара түсіністіктің өсуіне жәрдемдесуде.

11 қыркүйектегі сойқан лаңкестік әрекеттен кейін әлемге атышулы "өркениеттер қақтығысы" дейтін қара бұлт төнгенде біз Съезд шақыру туралы бастама көтердік. Алғашқы форум 2003 жылы болды.

Оған қатысушылар - бүкіл әлемнің аса беделді діни қайраткерлері Декларация қабылдап, онда конфессияаралық үнқатысу халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісімге қолдау білдірудің аса маңызды құралы деп аталды.

Екінші Съезді біз 2006 жылы өткіздік. Бұл Таяу Шығыстағы ахуал күрт шиеленісіп, Иракта соғыс жүріп жатқан күрделі уақыт еді. Бұл оқиғалар түрлі діни нанымдағы адамдардың арасында сенімсіздікті күшейтіп, бүкіл әлемге толқындала таралып жатты.

Сол жолы Астанаға жиналған әлемдік діни лидерлер мемлекеттерді үнқатысу жолынан таймауға, сөйтіп Бейбітшілік және келісім мәдениетін нығайту жөнінде шаралар қабылдауға шақырды.

Міне, тағы да біздің елімізде бүкіл планетаның дінбасылары жиналып отыр.

Тағы да осы заманғы дүниедегі ахуал алаңдаушылық туғызып отыр.

Планетаның түрлі өңірлерінде адамдар Құдайдың басты өсиетін бұзып, бірін-бірі өлтіруді жалғастыруда. Мыңдаған бейбіт тұрғындар бұлдыр мақсаттар мен мүдделерге құрбандыққа шалынууда.

Тек соңғы жылда ғана Ыстамбұлда, Мумбайда, Пешаварда, Бағдатта ауқымы жағынан бұрын-соңды болмаған лаңкестік әрекеттер орын алды. Күш қолдану күш қолдануды туғызады, содан да осынау тұйықталған шектің ақыры көрінетін емес.

Ауғанстандағы ахуал бұрынғыдан да қатты шиеленісіп, мұнда бүкіл өңірдің тұрақтылығына қауіп төндіретін экстремистер тағы да "бас көтере бастады". Бұл елде өндірілген есірткілер бүкіл әлемді жайлады.

Ядролық қатер бүкіләлемдік қоғамдастықты шиеленісте ұстап тұр. Халықаралық ядролық қауіпсіздік жүйесі іркіліс жасап, жаппай қырып-жою қаруының «тарамдалу» үдерісін тоқтата алмады. Ядролық материалдар контрабандасы мен бірқатар лаңкестік топтардың өзінің ядролық қаруына ие болу әрекеттері қорқынышты нақтылыққа айналуда.

Осылайша, әлем тұрақтылығына төнген қатер азайған жоқ. Тіпті жаңалары пайда болды.

Бүгінде адамзат соңғы онжылдықтардағы ең ауқымды жаһандық қаржы-экономикалық дағдарысты бастан кешуде, ол әлемдік экономиканың негіздеріне қатаң соққы берді.

Күйреу салдарынан әлемдік экономика триллиондаған долларларды жоғалтты. ХВҚ мәліметтері бойынша әлемнің 50-ге жуық мемлекеті экономикалық шыңыраудың шетіне жетті. Әлемнің бүкіл өнеркәсіптік дамыған экономикалары - АҚШ, Жапония, Еуроодақ және Ресей рецессия жағдайында. Соңғы ондаған жылда алғаш рет Қытай экономикасының өсуі баяулады.

Экономикалық, қаржы дағдарысы әлемнің жоғарыда аталған барлық проблемаларын шиеленістіре түсуде.

Осындай күрделі жағдайларда барлық елдер өз экономикаларын құтқарумен белсене айналысуда. Дағдарысқа қарсы шаралар көлемі 10 триллион доллардан асып түсті. Валюта резервтері азайып, мемлекеттік қарыздар өсуде.

Солай болса дағы осы жолғы әлемдік дағдарыс көп ретте заңды болып отыр.

Соңғы онжылдықтардағы әлемнің экономикалық дамуы, технологиялардағы ғаламат секіріс кедейшілік пен аштық секілді мәңгі проблемаларды шеше алмады.

Несиеге қампанып жүйелері, "оңай ақша" есебінен тұрмысты жақсарту әрекеттері бүгінде жүз мыңдаған адамдар үшін нағыз қасіретке айналды. "Еңбексіз байлық табу" иллюзиясы қатардағы алдаушылық болып шықты.

Тағы да адамзаттың алдынан әзірге ешкім де үзілді-кесілді жауап бере алмаған сұрақтар өткір қойылып отыр.

Жаратқанның өзі адамзатқа сый еткен әлемнің бүкіл сансыз байлығы неліктен оның аз ғана бөлігінің игілігіне қызмет етеді?

Кедейлер мен байлардың арасындағы алшақтық геометриялық прогрессиямен ұлғайып барады. Ал осындай кезде миллиардтан астам адам күніне 1 доллардан аз қаржыға тірлік кешуде.

Бір елдерде қоқыстарда барлық өндірілген өнімдердің үштен бір бөлігі жойылуда. Планетаның басқа бөліктерінде тұтас елдер мен өңірлер аштық қатерінде қалып отыр.

Осы заманғы ғылымның сондайлық ғажап табыстары жағдайында неліктен әлемді кенеттен пайда болатын планеталық эпидемияның қатері сілкініп тұрады, ал миллиардтаған адамдардың неліктен медициналық көмекке қолжетімділігі жоқ?

10 миллион дерлік бала жыл сайын бес жасқа жетпестен, оның үстіне емдеуге болатын аурулардан шетінеп жатады. Әлемде 30 миллионнан астам адам ВИЧ-инфекциямен ғұмыр кешуде, ал олардың 3 миллионының ғана антиретровирустық терапияға қолы жетеді екен. Адамзатқа жаза секілденіп жаңа эпидемиялар пайда болуда, ал олардың алдында ғылым әзірге әлсіз болып тұр.

Жер бетіндегі игіліктер жолындағы бассыз бәсекеде неліктен өмірдің адамгершілік жақтары ұмытыла беріп, тұтынуға табынушылық неліктен көптеген адамдар үшін өмірдің мәніне айналды?

Тұрақты өзін-өзі рухани жетілдіру қажеттігі екінші тұрғыға ысырылды. Дүниені материалдық құндылықтар - ақша, ашқарақтық пен табыс жолындағы ойсыз бәсеке билеп-төстеп алғанына көпшілік көз жұмып қарайтын болды.

Упанишадтарда "сыпыра білмеушілікте болған көргенсіздер былай деп ойлайды: "Біз мақсатқа жеттік", делінген.

Адамзаттың прогресі де кейде қателікпен қолайлы да жайлы тұрмыс жағдайын жасау үдерісімен бірдей түсініле бастады.

Сонда адамзаттың ғұмыр кешуінің шынайы мәні осында ма? Бәлкім, тоқтап, біз осы қайда барамыз, бізді болашақта не күтіп тұр дегенді ойланатын уақыт жеткен шығар?

Өкінішке орай, адам қауымдастығы руханилық регресті бастан кешуде дейтіндер ішінара дұрыс болып шығады. Мүмкін, осы заманғы дүниедегі барлық экономикалық сілкіністердің терең себебі осында болар.

Дағдарыс экономикадағы, күнделікті адам өміріндегі, түрлі экономикалық құрылымдар секілді адамдардың, елдер мен халықтардың өзара қарым-қатынасындағы адамгершілік бастаулардың мәнін бірнеше қайтара өзекті етті.

Қазіргі ахуалды ой елегінен өткізуге және дағдарысты еңсеруге соны көзқарас қажет екендігіне сенімдімін. Мұнда ескі амалдар мен қасаңдықтар жарамайды. Оның бәрі жартылай шара болады.

Қазіргі жаһандық экономикалық "зілзала" рухани әлемнің тектоникалық қабаттарын қозғалысқа келтірді.

Осы қозғалыстар неге соқтырады? Бұл тұрғыда қазірдің өзінде жаһандық соғыстар, күш қолдану мен қатыгездіктің жаңа ауқымды өршулері туралы қатерлі болжамдар бар.

Әлде адамзат жемісті де тең тұрғыда барлық мәдениеттер мен халықтар өзара ықпалдасатын тірлік формасын табатын болар.

Бүкіл адамзатқа сөз арнаған Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) бұл өмірдегі өз миссиясының басты мақсатын айқын тұжырымдаған: "Мен ізгіліктің тектілігін жетілдіру үшін ғана жіберілгенмін".

Иисус Христос былай деген: "Егер адам бүкіл дүниеге ие болса, ал өз жанына жарақат түсірсе, одан оған не пайда бар?".

Бүгінде алдыңғы тұрғыға ізгілік бастаулары шығуы тиіс. Осынау маңызды құралсыз қоғамның дағдарыстан дамудың әлдеқайда жоғары траекториясына шығуы мүмкін емес. Мен бұған әбден сенімдімін.

Барлық кезеңде мәртебелі моральдық құндылықтардың сақтаушылары діни лидерлер - түрлі діндердің басшылары болған және болып отыр. Нақ сондықтан да осынау күрделі кезеңде дін қайраткерлеріне айрықша үміт артылады.

Бүгінде қай кездегіге қарағанда діннің адамгершіл-гуманистік императивтері қажет болып отыр.

Талмұттың аңызында былай делінеді: "...әр адам мынаны есте сақтағаны жөн, дүние ол үшін және оның жауапкершілігіне жаратылған".

Нақ сіздер, діни лидерлер, руханилықтың - дүниенің үйлесімді дамуының басты шартының қайта өрлеуінің жүргізушілері бола аласыздар. Біз өз Съезіміздің мәртебелі мақсатын осыдан көреміз.

Құрметті Съезге қатысушылар!

Құдай шамаң жетпейтін жүк бермейтіні белгілі, сондықтан да бүгінде адамзаттың өзінің бұрынғы қателіктерін түзеу мүмкіндігі әлі де бар.

Қазіргі дағдарыс әлемге қайта өзгерудің, адамзаттың әділ дүние тәртібі туралы мәңгі арманын іске асырудың бірегей мүмкіндігін береді. Ал бұл мүмкіндікті жіберіп алу кешірілмес болар еді.

Оның үстіне бұрын әрдайым болып келгеніндей жаңа әлемдік тәртіп кезекті жаһандық әскери қақтығыстан кейін емес, бейбіт түрде - үнқатысу және өзара қолайлы ұстанымдарды әзірлеу жолымен құрыла алар еді.

Біздіңше, жаңа дүние құрылысының негіздері қандай?

Біріншіден, бұл әділ экономикалық модель.

Ол адал да әділ әлемдік қаржылық, валюта жүйесіне негізделуі тиіс, онда алдау мен ысырапқорлыққа орын болмайды. Онда адам жасайтын игілік әрбір адамның жасампаздығы мен прогресіне, оның рухани өсуі мен жетілуіне бағытталады болады.

Екіншіден, бұл мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың әділ саяси моделі.

Мұнда басты орынға жекелеген елдердің емес, бүкіл әлемнің мүдделері қойылуға тиіс. Халықаралық қатынастардың жаңарған жүйесінде үлкен және шағын елдерге, "жақсы" және "жаман" халықтарға бөлу болмауға тиіс. Осынау жаңа дүние баршаға ортақ сенім мен құрметтің, әріптестік пен үнқатысудың дүниесі болуы тиіс.

Сондықтан да бізді АҚШ-тың жаңа басшылығының мұсылман әлемімен өзара түсіністікті жолға қоюға деген ұмтылысы қанаттандырады. Әлемде маңызды өзгерістер бола бастағанының белгісі бұл.

Біз сондай-ақ Сауд Арабиясы Королінің мәдениеттер мен діндер үнқатысуы туралы ұсынысына қолдау білдіреміз.

Үшіншіден, бұл жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген жаңа көзқарас.

Планетада ахуалды тұрақтандырып, оны қауіпсіз жасай алатын халықаралық кооперацияның жаңа формаларын әзірлеу жөнінде табанды іс-қимыл қажет. Лаңкесшілдік пен есірткі бизнесіне қарсы тұрудың әлдеқайда тиімді тетіктері талап етіледі.

Бүкіл адамзаттың ядролық қарусыз дүниеге қарай жаһандық қозғалысында күш-қуатты біріктіру айрықша маңызды.

Бұдан 40 жыл дерлік бұрын қабылданған Ядролық қаруды таратпау туралы шарт ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әмбебап тетігі бола алмады. Ол жаңа ядролық мемлекеттердің пайда болуына жол бермеу былай тұрсын, сонымен бірге "ядролық клуб" мүшелерінің жаппай қырып-жою қаруын жетілдіруіне тыйым да салмады.

Сондықтан халықаралық қоғамдастық ядролық қаруды таратпау тетіктерін дереу қайта қарауға және жаңа әмбебап Ядролық қаруды баршаға ортақ көлбеу және тіктеп таратпау туралы шарт жасауға кірісуі тиіс.

Әлемдік қоғамдастық алдындағы өз жауапкершілігін түйсіне отырып, біздің еліміз әлемдегі төртінші ядролық әлеуетінен ерікті түрде бас тартты. Өкінішке орай, біздің өнегемізбен жүргендер әзірге аз ғана. Сондықтан Қазақстан планетадағы ядролық қатерді толық жоюға бағытталған саясатын одан әрі жалғастыратын болады.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымына 29 тамызды, бұдан 18 жыл бұрын менің Жарлығыммен Семей ядролық полигоны жабылған күнді Жаппай қырып-жою қаруынан бас тартудың Бүкілдүниежүзілік күні деп жариялау бастамасымен қайырылды.

Нақ осы БҰҰ аясында әлемдік қоғамдастық бүкіл адамзатқа төнген осы заманғы қатерлерге қарсы тұру шараларын әзірлеуі тиіс.

Төртіншіден, жаңа дүние тәртібі жоғары адамгершілік пен руханилықсыз мүмкін емес.

Нақ осылар дағдарыстан кейінгі дүниені қайта құрудың басты тетіктері болуы тиіс. Әр халықтың мәдениетінде бар жақсының бәрі бүкіл адамзаттың игілігі болуы керек. Мұндай дүниеде өзара күмәнданушылыққа, діни және басқа негіздер бойынша кемсітушілікке орын болмауы керек. Бұл прогресс дегеніміз материалдық игіліктердің санымен ғана емес, сонымен бірге жоғары адамгершілікпен және адамдардың жауапкершілігімен өлшенетін қоғамдастық болады.

Мұндай дүние тәртібін құруға жетекші державалар ғана емес, сонымен бірге барлық басқа елдер мен халықаралық ұйымдар қатысуы керек.

Нақ осы тұрғыда өзімнің "Дағдарыстан шығу кілті" деген мақаламда мен Түбегейлі жаңару жоспарын әзірлеуді ұсындым. Бұл жоспарда жаңа валюта жүйесін құру, ұлттардың, халықтар мен елдердің шаруашылық жүргізу мен жоспарлаудың жаңа, әлдеқайда тиімді тәртібіне көшу жөніндегі шаралар ғана болмауы тиіс. Мәдениеттердің өзара баюының шексіз мүмкіндіктерінен өз әлеуетін алатын рухани саладағы түбегейлі инновацияларды мен оның ажырағысыз элементі ретінде көремін.

Сондықтан дағдарысқа тек материалдық тұрғыдан қарсы тұруды қарастыру тым тар өрісті болар еді.

Санадағы өзгерістерсіз, моральдық нормалар мен биік адамгершілік қағидаттарды қатаң сақтаусыз дағдарысты еңсере алмайтынымызға мен сенімдімін!

Тек әділ дүние тәртібі ғана адамзат қоғамы өркендеуінің негізі бола алады!

Астанада құрылған Халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығының қызметі нақ осыған бағытталуы тиіс.

Оның аясында түрлі мәдениеттер мен діндер өкілдерінің үнқатысуын кеңейту маңызды. Оған зайырлы және діни БАҚ-тардың және жастар бірлестіктерінің, ғылыми және шығармашылық дегдарлар өкілдерін тартқан жөн.

Орталық бейбітшіліктің, келісім мен әділдіктің интеллектуалдық зертханасына айналып, жаһандық күн тәртібіне ұсыныстар әзірлеп ұсынуы тиіс. Ол Съездің жұмысшы құрылымы болып, оның барлық қатысушыларын жаңа идеялармен және ұсыныстармен нәрлендіруі керек.

Біздің Съездің хатшылығы Орталықпен бірлесіп, жұмысы мәдениеттердің үнқатысуы мен экономикалық өзара ықпалдастыққа бағытталған басқа форумдармен және халықаралық ұйымдармен үнқатысу және ынтымақтастық үшін Діни лидерлер кеңесін құру мәселесін ойластыра алар еді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Үшінші Съезіне қатысушылар осындай көзқарасты жақтайды деген сенімдемін.

Құрметті Съезге қатысушылар!

Өздеріңіздің мінәжаттарыңызда, уағыздарыңызда, адамдармен кездесулеріңізде сіздер адамзатқа Құдай Сөзін жеткізіп, осынау дүниенің көнермейтін құндылықтарын сақтаушы болып табыласыздар.

Сіздер миллиардтаған адамдарға арнаған әрбір өз сөздеріңіз олардың іс-әрекетіне, сенімдері мен құндылыққа бағдарлануына қалай ықпал ететінін толық мәнінде сезінесіздер деп сенемін. Қазақстан жерінен біз бірлесіп адамдарға жолдайтын барлық діндердің негізіне алынған ізгіліктің, әділдік пен қайырымдылықтың жоғары мұраттарын ұстану жөніндегі шақыруымызды олар естиді деген үміттемін!

Ардақты әлеумет!

Мәртебелі меймандар!

"Халықтарды бір бірінен бөлетін теңіздер емес, надандық пен тілдердің бөлектігі де емес, араздық қана" деген даналық сөз бар.

Достық жоқ жерде араздыққа мүмкіндік мол болмақ. Сондықтан ізгілік, рақым, имандылық секілді мәңгілік ұғымдарды санаға дарыту арқылы адамдарды тазарту қажет. Адам түзелмей заман түзелмек емес. Бүлінген заманды түзеу - адамның өз міндеті.

Мінеки, біз бүгін осы жайында - адамзаттың бүгіні мен ертеңгі тағдыры туралы кең отырып кеңесуге жиналып отырмыз.

Сонымен бірге бұл басқосу қазіргі дүниежүзілік саяси ахуалға, халықтар достығына игі ықпалын тигізеді деп сенемін.

Съезд жұмысының табысты өтуіне тілектестігімді білдіремін.

Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІНІҢ
ЖАБЫЛУЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

2 шілде 2009 ж.

Құрметті Съезге қатысушылар мен қонақтар!

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III Съезі өз жұмысын аяқтады.

Сіздер екі күн бойы бейбітшілік пен діндер арасындағы келісімді нығайту жолдары туралы көкейтесті мәселелерді талқыладыңыздар.

Бұл басқосулар сындарлы жағдайда өтті. Соның нәтижесінде Съезге қатысушылар тарапынан Үндеу қабылданды, онда діндер диалогын кеңейту және жалғастыра беру туралы ортақ тілектеріңіз көрініс тауып отыр.

Съезге келген барлық делегация басшыларына жемісті еңбектері үшін өз ризашылығымды білдіремін.

Біріккен Ұлттар Ұйымымен өзге де халықаралық ұйымдардың өкілдеріне, әр елдің саясаткерлері мен қоғам қайраткерлеріне біздің Съезге шақыруымызды қабыл алғандары үшін шексіз алғысымды айтамын.

Құрметті Съезге қатысушылар мен қонақтар!

Осыдан он жыл бұрын ЮНЕСКО Астананы «Бейбітшілік жолындағы қалалар» халықаралық конкурсының жеңімпазы деп таныды. Осы жылдар ішінде Қазақстанның жас астанасы бұл жоғары атаққа абыроймен алып келді. Қазір де, діни лидерлердің бірегей форумында жоғары мәртебелі қонақтардың басын қосып отырып, ол Бейбітшілік пен келісім қаласы деген өз мәртебесін тағы да дәлелдеді.

Съезде өткен пікірталастар Астанада бас қосқан барлық діни лидерлердің үнқатысуға әзір екендігін және аса мүдделілігін тағы да көрсете білді.

Бұл күндерде Бейбітшілік пен келісім сарайында және тәуелсіздік сарайында талқылауға шақырылған мәселелер бойынша әртүрлі ой-пікірлер айтылды, барлық делегация өкілдерінің көзқарастары білдірілді.

Бірақ айтылған сөздердің барлығын сан қырлы ғаламшарымыздың тағдырына аландаушылық және елдер мен халықтар, әртүрлі дін өкілдері арасындағы келісім мен өзара түсіністікті нығайту жолдарын іздеуге деген құлшыныс біріктірді.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің II Съезі Хижраға сәйкес мұсылмандардың ең қастерлі айларының бірі – Раджаб айында өтті.

Бұл кезде жаратушының мейірімі адамдарға шексіз «төгіліп», оларды ізгі істер мен бастамаларға оятады.

Сондықтан да Сіздердің осында, Қазақстан жеріне қабылдаған шешімдеріңіз – Құдай жолындағы ізгі де рақымды іс.

Сіздердің әлемге арнап айтқан сөздеріңіздегі даналық адамдардың жүрегіне жетіп, қызу қолдау тапсын!

Ғаламшарымыздағы қазіргі жағдай күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы. Ксенофобия мен діни төзбеушілікке негізделген лаңкестіктің, соғыстар мен қақтығыстардың жаңа құрбандары туралы хабарды біз жүрегіміз сыздап қабылдаймыз.

Форумға қатысушылардың барлығы діннің бейбітшілік пен келісімді, төзімділік пен өзара түсіністікті сақтаудағы, қоғамның имандылық негіздерін нығайтудағы рөлі маңызды екендігін атап өтті.

Қазіргі әлемдік дағдарыстың күрделі кезеңінде оның рөлі барынша күшейе түсті түседі.

Сондықтанда рухани бастауларды дағдарыстан кейінгі әлемді қайта құрудың басты тетіктерінің бірі дәрежесіне көтеру керек.

Съездің қорытындылары халықтар арасындағы татулық пен келісімге шақыратын тақуалардың ауқымын кеңейте беретініне сендіремін!

Оның үстіне, саясаткерлер мен діни лидерлер арасында тұрақты жұмыс істейтін үнқатысуды ұйымдастыру көрегендік қадам болар еді деп есептеймін.

Біздің ортақ мақсатымыз – халықтардың өзара жауапкершілігіне, өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығына негізделген неғұрлым қауіпсіз, тұрақты және әділетті қадам құру.

Будда өсиет еткендей, « егер сен мың сөздің орнына жалғыз ғана, бірақ БЕЙБІТШІЛІК орнататындай сөз іздеп тапсаң, сол жеткілікті болар еді!»

Мен III Съездің қорытындылары өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы үнқатысуды ілгерілетудегі тұжырымдамалық және практикалық аса маңызды рөл атқаратынына сенімдімін. Ол, сөзсіз, адамдарды жақындастырады, әлемде дінаралық өзара түсіністікті нығайтады.

Ашық мәдениетаралық және дінаралық үнқатысу Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының шешуші мәселелерінің бірі болып табылатынын атап айтқым келеді.

Бұл жолды біз жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық деңгейлеріне жүргізіп келеміз және жүргізе беретін боламыз.

Құрметті Съезге қатысушылар мен қонақтар!

II Съезд өз жұмысын аяқтады. Оған қатысушылар бұрынғыдан көбейіп, пікірталастар – анағұрлым тереңірек және мазмұнды, қабылданған шешімдер неғұрлым байсалды бола түсті.

Бұл жол айрықта тұрған әлемге осы форумның қажеттілігін білдіреді. Біздің Съезіміз – адамдар арасындағы келісімге бастайтын түзу жолды көрсетуге қабілетті шамшырақтың бірі.

Мен барлық делегация басшыларына, барлық қонақтарға Съезге қатысқаны үшін зор ризашылық білдіремін!

Біз қоштаспаймыз, осында, Қазақстанның ел ордасы – Астанада қайта кездескенше дейміз!

Барлықтарыңызға бейбітшілік пен келісім, шабыт пен даналық, бақыт пен ізгілік тілеймін!

* * *

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ТӨРТІНШІ СЪЕЗІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ДІНИ ЛИДЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

30 мамыр 2012 Ж.

Жоғары мәртебелі, құрметті қонақтар! Құрметті Кеңес мүшелері

Мен Діни лидерлер кеңесі Бірінші отырысының барлық қатысушыларына халқымның атынан шын жүректен сәлем жолдаймын.

Мен сіздердің Кеңес құру бастамасын қолдағандарыңыз және оның мүшесі болуға келіскендеріңіз үшін бәріңізге ризамын.

Кеңестегі Орыс православ шіркеуінің өкілі Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Қасиетті Кириллге шын жүректен сәлем жолдаймын.

Сізөзіңіздің алдыңыздағы Мәскеу Патриархы II Алексийдің батасымен (оның жанытыныштықта болсын) белсенді әрі әрдайым сәтті жұмыс істеген, осыдан 9 жыл бұрын ұйымдастырылған біздің Съездің жұмысына алғаш рет қатысып отырсыз.

Мен біздің форумға ынтасымен қатысқаны үшін Дүниежүзілік Ислам Лигасының Бас хатшысы шейх Абдалла бен Әбдел Мухсин ат Әл-Түркигеризашылығымды білдіремін.

Қасиетті Папа престолы делегациясының басшысы, Жоғары мәртебелі кардинал Джованни Лайолоға әрекше сәлем жолдаймын.

Жоғары мәртебелі Рим Папасы II Иоанн Павелдің (оның жанытыныштықта болсын) біздің еліміз Қазақстанға 11 жыл бұрын келгенін, Астана аспанының астында берген қастерлі батасын жадымыздасақтаймыз.

Мен Дүниежүзілік Ислам мазхабтарын жақындастыру Ассамблеясының Бас хатшысы Аятолла Мухаммад Али Тасхири мен Дүниежүзілік лютерандық федерация өкілі Жоғары мәртебелі Мартин Юнгенің Кеңес құрамына кіруге келісім бергені үшін ризамын.

Мен көптеген жылдар бойы Съезд жұмысына белсенді қатысқан Израильдің Бас ашкеназийлік раввині Йона Мецгерге ризамын.

Біз Діни лидерлер Кеңесінің мүшесі болуға келісім берген Түркияның дін істері Басқармасының Төрағасы Мехмет Гермезге, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының Төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәліге, Жапония синтоистік храмдары Ассоциациясының Президенті Цунекиё Танакеге, Заратуштра мәдени мұрасы Дүниежүзілік Кеңесінің Президенті Хоми Буржор Дхаллеге, Брэдфорд епископы (Англикандық шіркеу) Жоғары Мәртебелі Николас Бейнске, үндітану зерттеу институтының және дінаралық диалогтың жетекшісі Самиру Сомайя мырзаға ризамыз.

Мен Дүниежүзілік буддистер одағының вице-президенті Хамбу ламу Чойжилжавын Дамбажавпен, Қытай буддистер Ассоциациясының Төрағасы Сюэ Чэнмен, сондай-ақ Қытайдың даосистер Ассоциациясы қауымдастығы Төрағасының орынбасары Хуан Синьянмен қауышқаныма қауаныштымын.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің жаңа ұйымының осындай көрнекті құрамы – Діни лидерлер кеңесінің түпкі абыройы мен зор әлеуетінің куәсі.

Осыдан үш жыл бұрынғы оны құру жөнінде менің алға қойған ұсынысым, бәрінен бұрын, заманауи үрдістегі дін мен конфессияаралық диалогтың рөлін арттыруға байланысты болды.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай ізгі ниетті істерде оғаш ештеңе болмайтынын жазған.

Діни лидерлер кеңесінің мақсаты мен міндеттері – ізгі әрі өзекті. Біз бәріміз бүгінгі

әлемдегі үйлесімге, бейбітшілік пен келісім идеяларының нығаюына алаңдаушылық білдіреміз.

Мен Кеңес қызметінің басталуымен қатысушылардың бәрін құттықтап, баршаңызға жемісті еңбек тілегім келеді.

Құрметті Кеңес мүшелері!

XX ғасырдағы күрделі кезеңде дінаралық сұхбатты, шын мәнінде, жаһандық деңгейде түсіну басталды.

Діни лидерлердің жүз миллиондаған ізбасарларына арналған бейбітшақырулары, әсіресе, мыңжылдықтар тоғысында маңызды бола түсті.

Солардың арқасында өркениеттердің Дамоклов семсерлі атышулық ақтығысын тоқтатудың сәті түсті. Бірақ, ол өркениеттің тағдырымен бірге жалғасып жүретінін көрмеу мүмкін емес.

Сондықтан біздің Кеңестің басты мақсаты – діндер сұхбаттастығының нығаюына жағдай жасау.

Оның қызметінің негізінде барлық дінге сенушілердің адамгершілік бастауындағы ізгілік, сүйіспеншілік, әділдік, бейбітшілік пен келісімге шынайы берілгендік жатыр.

Менің ойымша, олардың тәжірибелік міндеттері төмендегідей болуы мүмкін:

Бірінші. Жаһандық толеранттылықты қалыптастыру саласындағы басқа да халықаралық сұхбаттасу құрылымдарымен өзара әрекеттестікті жолға қоюы маңызды.

Екінші. Кеңестің әлеуетімен беделі жаһандық бітімгершіліктің аймақтық тетігі ретінде белсенді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Кеңес шиеленістерді реттеу мәселелері бойынша шақырулар мен үндеулер жасай алар еді.

Үшінші. Кеңес аясында діндарлардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың жаһандық мониторингін жүргізген жөн.

Өкінішке орай, конфессиялық белгілеріне қарай кемсітушілік тәжірибесі – қазіргі әлемде кеңінен таралған құбылыс. Барлық осы деректер тиісті бағасын алуы керек. Осы мақсатта Кеңестің БҰҰ-мен және халықаралық ұйымдармен, құқық қорғау құрылымдарымен ынтымақтастық жасауы маңызды.

Төртінші. Діни лидерлер Кеңесінің табысты қызметі ХХІ ғасырдағы жалпы әлемдік тепе-теңдікті сақтаудың маңызды бөлігі бола алады.

Біздің Кеңес аясында біріккен діндердің рухани күші, уақыт өте келе қайшылыққа толы әлемдегі тепе-теңдіктің салмақты құралы болуға қабілетті.

Кеңестің құрылуына байланысты Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің келесі барлық Съездерін ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарынеғұрлым сапалы деңгейде жүргізілетін болады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінде қабылданған құжаттарды басшылыққа алып, Кеңес Съездің атынан біздің шешімдерімізді жүзеге асыруға байланысты қадамдар жасай алар еді.

Құрметті әріптестер, достар!

Халық даналығында айтылғандай, діннің шырағы адамдарды ізгілікке шабыттандыру, болашағына бата беру болып табылады.

Біздің Кеңес діндер ынтымақтастығының тиімді тетігі, өзара құрмет пен төзімділіктің лайықты үлгісі болатынына сенемін.

Баршаңызға тағы да жемісті жұмыс тілегім келеді.

Ықыластарыңызға алғыс білдіремін.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ТӨРТІНШІ СЪЕЗІНІҢ
АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

30 мамыр 2012 ж.

**Ардақты дінбасылар!
Құрметті делегация басшылары!
Қадірлі меймандар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Бүгін Қазақстан жері жоғары руханилық пен алғыс-батаның сәулесімен нұрлана түсуде.

Біз үлкен мақтанышпен Астанада төртінші рет әлемнің діни және рухани көшбасшыларын қабылдап отырмыз!

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезіне дүние жүзінің 40 елінен келген барлық 85 делегация басшылары мен қатысушыларын шын жүректен құттықтаймын.

Тоғыз жыл бұрын бірінші Съезд жұмысына әлемнің 17 елінен 17 делегация қатысқан еді.

Біздің форумның жаһандық маңызының сандық және сапалық өскені бірден көрінеді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі халықаралық үнқатысудың теңдессіз құрамдасына айналды.

Біз БҰҰ, ЮНЕСКО және ИСЕСКО, сондай-ақ басқа да бірқатар халықаралық бірлестіктер жетекшілеріне, белгілі саясаткерлер мен сарапшыларға съезге назар аударып отырғаны үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайы пирамидасының төрінде әркез діндер мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністікті нығайтудың көкейкесті мәселелері талқыланып келеді.

Үшінші мыңжылдықтың басындағы күрделі кезеңдебұрынғы съездердің игілікті бастамалары әлемдік қоғамдастық тарапынан қолдау тапты.

Олар көп жағдайда әлемнің «өркениеттер қақтығысының» шыңырауына құламауына ықпал етті.

Жаһандық дамудың барлық күрделіліктеріне қарамастан, үнқатысуға деген жан-жақты ұмтылыс қазіргі заманғы жалпыәлемдік үдерістер талап етіп отырған үрдістер болып қалып отыр.

Мен төртінші Съезд де тарихқа XXI ғасырда адамзат әділетті әлемдік тәртіп негіздеріне бастайтын жаһандық үнқатысудың маңызды бөлшегі ретінде кіретініне сенімдімін.

Құрметті съезге қатысушылар!

Жаңа ғана Дін көшбасшылары кеңесінің алғашқы мәжілісі болып өтті.

Осындай орган құру туралы менің ұсынысым осыдан үш жыл бұрын өткен Съезде қолдау тапқанын еске сала кетейін.

Кеңес құрамына әлемнің жетекші конфессиялары – Исламның, Христиандықтың, Иудаизмнің, Буддизмнің, Индуизмнің, Синтоизмнің, Зороастризмнің өкілдері енді.

Іс жүзінде бұл діндер арасындағы өзара іс-қимылдың көп жақты пішініндегі алғашқы жұмыс тетігі болып табылады. Кеңес құру бүкіл конфессияаралық үнқатысуды жаңа деңгейге алып шығуға қабілетті.

Біріншіден, оның аясында басқа халықаралық үнқатысу құрылымдарымен өзара іс-қимыл қалыптастырылатын болады.

Екіншіден, үлкен әлеуетке ие, уақыт өте келе жаһандық бітімгершіліктің маңызды құралына айналатын жаңа тұрақты орган құрылады.

Оның беделі мен әлеуеті тіпті ықтимал жанжалдар жағдайында да үндеулер мен үндеу-хаттар қабылдауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Кеңес шеңберінде дінге сенетіндердің құқықтары мен бостандықтары сақталуына жаһандық мониторинг орнықтыру маңызды.

Төртіншіден, жаңа Кеңес аясына топтастырылған діннің рухани күші әлемдік даму үдерістерінде тепе-теңдік қалыптастырудың маңызды элементі рөлін атқаруға қабілетті екеніне сенімдімін.

Бесіншіден, бұдан кейінгі барлық съездерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмыстар қазіргіден сапалы деңгейге көшірілетін болады.

Мен біздің бастамамызды оң қабылдап, құрылған Кеңестің алғашқы қатысушылары болуға келісімдерін берген барлық әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларына ризашылығымды білдіремін.

Құрметті делегация басшылары мен съезд қонақтары!

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өз тарихының 9 жылында да күрделі жаһандық үдерістер ушығып тұрған тұста өткізіліп келді.

Алғашқы съездер діндер «қақтығысы» қатеріне жауап ретінде және дінді халықаралық терроризм мен экстремизмнің қатерлі мақсатына қарсы қолдану үшін ұйымдастырылды.

Үшінші Съезд ең күшті әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс қызып тұрған шақта өтті.

Біз биылғы форумды да бүкіл әлем үшін бетбұрысты кезеңде өткізіп отырмыз.

Әлемдік тәртіптің жаһандық трансформациясы басталды.

Адамзат іс жүзінде жүйелі дағдарыстың кезеңінен өтуде.

Әлем табалдырығына тап болған жаһандық рецессия көптеген қоғамдастықтарға ауқымды әлеуметтік жарылыстар қатерін төндіріп тұр.

Қазіргі дүниеде миллиардтан астам жұмыссыздар бар деп есептелсе, олардың жартысы – жастар. Олардың ішінде жақсы білім алған жастар да бар.

Лайықты еңбектену мүмкіндігінің жоқтығына, әлеуметтік кепілдіктердің төмендеуіне байланысты жастар арасында радикализация мен криминализация өсіп келеді.

Осы аралықта моральдық-адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысы да үдей түсіп отыр.

Көптеген қоғамдарда «жалған-бостандық» насихатталып және орнықтырылып отырғанын көрмеу мүмкін емес.

Адами қарым-қатынастар табиғатына жат көзқарастарды қазіргі қоғамның қалыбы ретінде көрсетуге тырысушылық байқалады.

Таза еңбекке талпыныс қандай тәсілдермен болса да тез баюға ұмтылыспен алмастырылуда. Және мұндай «анти-мораль» көп жағдайда абсолют ретінде мадақталады.

Әлемде моральдық-адамгершілік дағдарыстың өрістеуіне тән белгі дінге сенетіндерді баса-көктеп қаралау оқиғалары, дінді әлеуметтік үдерістердің жағалауына ығыстырып шығару әрекеттері болып табылып отыр.

Діни құндылықтарды қорлау фактілері көптеген елдерде, іс жүзінде, барлық діндерге қатысты байқалып отыр.

Бұлардың қатарында қасиетті кітаптарды көпшілік алдында өртеу, мешіттерді, храмдарды, синагогаларды және басқа да ғибадат орындарын қорлау мен өртеу, дін қызметкерлерінің беделін түсіру, діншілдерді соққыға жығу мен өлтірулер бар.

Неге мұндай жағдайлар орын алып отыр?

Дін – руханисыздық пен ашкөздіктің алдындағы аса берік қорғаушы бөгеттердің бірі.

Көптеген кезеңдерде дәл осы дін халықтық даналықтың, мәдениеттер мен дәстүрлердің кей жағдайда тіпті бірден-бір сақтаушысы болып келді.

Қазақстан қоғамы мұны құдайсыз кеңестік режимдегі өзінің өмір тәжірибесінен, әсіресе, сталиндікқуғын-сүргін кезеңінен біледі.

Съезге қатысушылар ертең бұрынғы зұлымдық шашқан «ГУЛАГ» архипелагы «аралдары» бірінің орнына салынған саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған тарихи-архитектуралық мемориалға барады.

Ол «АЛЖИР» – «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» деп аталады.

Сол жылдары бұрынғы КСРО аумағында миллиондаған жазықсыз адамдар өлтірілді. Олардың ішінде ондаған мың Исламға, Христиандыққа және басқа да конфессияларға діни қызмет етушілер болды.

Бұл Жаратушыға сенім ізбасарлары мен уағызшыларының төзімділігі мен мұқалмастығы үшін діндер төлеген қасіретті құн болатын.

Бүгін дінге қарсы жасалып жатқан өнегесіз іс-әрекеттер, бұл храмдарды «аластауға» әрекеттенген 20-30-шы жылдар барысындағы оқиғалар сияқты құбылыс болып табылады.

Біз мұндай қылықтарды шешімді түрде жазғырамыз және барлық дін көшбасшыларына, барлық діндерге жауыққан құдайсыздарға қарсы тұруда қолдау білдіреміз.

Қымбатты достар!

Қазіргі дүние жол айырығында тұр.

Сондықтан съезде талқылауын күткен түйінді мәселе жүз есе көкейкестірек бола түседі.

Адамзаттың жаһандық тарихында Бейбітшілік пен Келісімнен өткен құндылықтар болған емес.

Қазіргі дүниеде әлемдік құрылыстың оң тұжырымдамасының тапшы екенін мойындауға тура келеді.

Адамзат, бұрындары талай мәрте болғанындай, оған Жоғары Сана берген жаңалықтардың барлығын әркез әлем игілігі жолына жұмсамауда.

Мәселен, халықтарды біріктіруге тиісті аса жоғары ақпараттық технологиялар мен аса жаңа коммуникациялар көп жағдайда адамдарды бөлу үшін, қоғам іші мен елдер арасына жаңа тосқауылдар қою үшін қолданылуда.

Желілік ресурстар білім таратудың орнына көп жағдайда кесірлі істерді насихаттауға қызмет етіп, жалғандықтың, адамдардың арсыз түйсіктерінің, ағайынаралық өшпенділікке үндеулер мен жеккөрушіліктің ұрығын шашады.

Кез келген қоғамның моральдық және өнегелілік беріктігі – отбасы, балаларды тәрбиелеу дәстүрі, ұрпақтар сабақтастығы және басқалар бұзылады.

Осының бәрі қазіргі заманның ащы шындықтары.

Өз кезегінде мен өзімнің саяси тәжірибемнің нәтижесі болып табылатын өзімнің көзқарасымды білдіргім келеді.

Жаһандану жағдайында әлемдік экономиканы рецессиялық тығырықтан бүкіл ұлттар қоғамдастығының бірлескен күш-жігерімен ғана алып шығуға болады.

Мұны барша жұрт мойындайды.

Сондықтан осыдан бір апта бұрын Астана экономикалық форумында мен ХХІ ғасырда әлемдік қарым-қатынастардың тиімді моделін қалыптастырып, жүзеге асыруды ұсындым.

Мен оны «G-GLOBAL – ҰЛЫ ӘЛЕМ» деп атадым.

Бұл – дағдарыстардан сенімді қорғалған, тиімді әлемдік валютасы, сауда мен ықпалдастықтың әділетті жүйесі бар өркендеген жаһандық экономика.

Бұл – жоғары технологиялар адамдардың бақыты мен әл-ауқаты үшін қызмет ететін әлем.

Бұл – халықтар мен мемлекеттер арасындағы өңірлік және жаһандық қауіпсіздіктің берік негіздері бар әділеттілік пен сенім әлемі.

Бұл – барлық проблемалар келісім мен құрмет негізінде шешілетін ұлттардың толерантты қауымдастығы.

Бұл – ядролық қырып-жоюдан біржола азат етілген, жаппай қырып-жою құралынан тыс біздің планетамыз.

Мен адамзат бес іргелі қағидаттарға негізделген осындай модельді құруға қажетті білімдер мен тәрбиелерге ие деп сенемін.

Біріншіден, бұл әлеуметтік-саяси жүйе дамуының эволюциялылығы, саяси дамудың түрі ретіндегі революциядан бас тарту.

XXI ғасырда дін емес, дәл осы революция халық үшін апиынға айналды.

Екіншіден, бұл бүкіл мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардағы әділеттілік, теңдік және консенсус.

Үшіншіден, халықаралық қарым-қатынастарда кез келген «қосарлы стандарттарды» және «күбір-сыбыр әңгімені» жоққа шығаратын жаһандық транспаренттілік.

Төртіншіден, өткен жүзжылдықтың блоктық психологиясынан арылған, геосаяси тепе-теңдік жүйесі ретіндегі сындарлы көп полярлылық.

Және ең соңында, бесіншіден, XXI ғасырдағы мәдениетаралық, дінаралық және мемлекетаралық қарым-қатынастардың бастапқы негізі ретіндегі жаһандық толеранттылық пен сенім.

Мен полимәдениеттілік, этностық және діни саналуандық – ол қоғам үшін қатер емес, орасан артықшылық деп есептеймін.

XXI ғасырда толеранттылық инновациялық экономиканы дамыту мен өркендетудің шешуші факторына айналып отыр.

Соңғы 30 жылда этномәдени сан алуандылығымен ерекшеленген елдердің неғұрлым зор табыстарға жету фактісін көрмеуге болмайды.

Бүгінгі әлем осындай тәжірибені кеңінен таратуға және дамытуға мұқтаж.

Бұл тұрғыда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі XXI ғасырда әділетті әлем құрудың негізін идеялық-рухани құрылымдауға нақты бағытталған жетекші үнқатысу тұғырнамасы бола алар еді.

Бүгінде жаһандық үнқатысу – ол тек халықаралық форумдар мен кездесулер ғана емес. Интерактивті қарым-қатынастар жасау арқылы оған барған сайын бүкіл әлем бойынша көптеген адамдар атсалысуда.

Қазақстан ұсынған G-GLOBAL идеясы мен пішіні бұл тұрғыда жаһандық өзара түсіністік пен толеранттылық үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сондықтан мен Төртінші Съезге қатысушылардың ақ тілеуімен жаһандық толеранттылық пен сенімді қалыптастыру мен нығайту проблемаларына арналған Интернет-ресурс құруды ұсынамын.

Бәлкім, ол G-GLOBAL жалпы электронды порталының бір бөлігі де бола алар еді.

Оның шеңберінде Дін көшбасшылары кеңесі мен біздің Съезіміз Хатшылығының интерактивті отырыстарын өткізуді, интернет пайдаланушылардың кең ауқымы үшін тұрақты түрде онлайн-форум жүргізуді қарастырудың маңызы зор.

Мен бұл ұсынысқа сіздер қолдау көрсетеді деп сенемін.

Құрметті Съезге қатысушылар мен меймандар!

Бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделі – ол біздің еліміздің табысты дамуының арқаулық факторы.

Тәуелсіз Қазақстан – бұл 140 этнос бейбітшілікте және келісіммен өмір сүріп жатқан ел.

Біз XXI ғасырдың бірінші онжылдығында экономикасы неғұрлым ырғақты дамыған елдердің үштігіне ендік.

Біз этносаралық келісімнің өзіндік моделін құрдық.

Кез келген этносқа және дінге жататын қазақстандық – ол тең құқылы азамат, біртұтас азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі.

Біз әрбір адамның өз дінін еркін ұстануы, туған тілін оқып және пайдалануы, өз этносының мәдениеті мен дәстүрлерін дамытуы үшін барлық жағдайларды жасаудамыз.

Әрбір дін – ислам, православие, католицизм, протестанттық діни ілім, иудаизм, буддизм және басқалар уағыздайтын жоғары құндылықтар – әркезде де Қазақстан мемлекетінен қолдау тауып келеді.

Сондықтан біздің қоғамымызда 20 жылдан астам уақыттан бері рухани қайта өрлеу үрдісі жүруде.

Жаңа мешіттер мен храмдар бой көтеруде.

Біз конфессияаралық келісімді нығайтудың 2016 жылға дейінгі бағдарламасының жобасымен жұмыс істеудеміз.

Қазақстанның бастамасымен 2010 жыл Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы ретінде өтті, ал 2013-2022 жылдарды ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы деп жариялады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы барысында 2010 жылы біз оған толеранттылықты нығайту мәселесін қоса отырып, әріптестерімізге еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік өлшемдерінің санын кеңейте түсуді ұсындық.

ЕҚЫҰ Астана саммитінің Декларациясында конфессияаралық үнқатысуды дамыту, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту туралы біздің бірқатар идеяларымыз көрініс тапты.

Қазақстан бір жыл бойы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымын басқарды, оның өзі Умма үшін күрделі уақытпен тұспа-тұс келді.

Біз әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық саладағы өткір проблемаларды шешуде мұсылман мемлекеттерінің ынтымақтастығын дамытуға бағытталған бірқатар бастамалар ұсындық.

Бүгінде мұсылман әлемінде күрделі үдерістер жүруде.

Мұнда экономикасы ырғақты және елеулі әлеуметтік-саяси проблемалары жетерлік елдер бар.

Ислам – бұл адамзаттың мәдени және материалдық мұраларының орасан зор және өсіп келе жатқан қатпары.

Қазіргі заманғы және болашақтағы жаһандық қоғамдастықты Ислам әлемінсіз көзге елестету мүмкін емес.

Оған тосқауыл қоюдың кез келген түрі көрегенділік емес, тіпті қатерлі де.

Үлкен де көп бейнелі әлемнің осынау бөлігінде болып жатқан оқиғаларға түсіністікпен қарау қажет.

Қазақстан – мұсылман тұрғындары басымдыққа ие ел.

Ислам діні – біздің халқымыздың рухани тіректерінің бірі.

Біз олардың қандай дінге және этномәдениетке жататынына қарамастан барлық қазақстандықтардың жалпы ұлттық бірлігі мен келісімінің ерекше формуласын қалыптастырдық.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – бұл Қазақстанның бүкіл әлемге парасатты сыйы.

Алдағы жылы Бірінші Съездің шақырылғанына 10 жыл толады.

Осыған орай алдағы жылы онда үнқатысудың маңыздылығы мен көкейкестілігін, діни рухани көшбасшылардың бітімгершілік рөлін арттыруды атап көрсете отырып, Дін көшбасшылары кеңесінің арнайы үндеуін дайындап, қабылдау жөнінде ұсыныс білдіргім келеді.

Қымбатты достар!

Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу діндер арасындағы бітіспес әртүрлілік пен алауыздық туралы тезистің бар болғаны елес қана екенін білдіреді.

Бір-бірімен жауласатын діндер емес, адамдар мен мемлекеттер.

Әлемнің ұлы ойшылдары дінді өнегелілік формуласы деп атайды.

Ұлы Абайда «Дінге сенушінің борышы – жақсылық жасау. Бірақ сенімсіз жасалған жақсылық не тұрады?» деген сөз бар.

Кез келген діннің жоғары мағынасы адам мен адамзатты жоғалтып алған жетілу жолына қайтару болып табылады.

Біздің жоғары мәртебелі форумның басты мақсаты да осыған келіп тіреледі.

Барлық Съезге қатысушыларға жемісті және сындарлы пікірталастар тілеймін.

Біздің ізгілікті ниеттерімізде бізге Жаратушының жәрдемі тие берсін!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ТӨРТІНШІ СЪЕЗІНІҢ
ЖАБЫЛУЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

31 мамыр 2012 ж.

**Жоғары Мәртебелі!
Құрметті делегация басшылары!
Ханымдар мен мырзалар!**

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV Съезінің жұмысына арналған бағдарлама толығымен жүзеге асты.

Пленарлық және секциялық отырыстарда сындарлы талқылаулар болды.

Мәдениеттер мен діндердің жаһандық диалогының маңызды сұрақтарын қарастырудың оңтайлы ыңғайлары қалыптасты.

Форумның негізгі мақсаты жүзеге асты – онда қатысушылардың Үндеуі қабылданды.

Бұл құжатта терең рухани мағынаға толы шақыртулар айтылды.

Дін лидерлері барша адамзатты өз жер шарының болашағы үшін жасампаздық пен әділеттілікке, бейбітшілік пен келісімге, өзара ынтымақтастыққа ұмтылуға шақырды.

Мен бұл шақыртуды діндарлармен әртүрлі дін өкілдерінен басқалардың да игі ниетпен қабылдайтынына сенімдімін.

Оны әлемдік қауымдастықтың белгілі қоғамдық және саяси орталары да естіді.

Мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV Съезіне қатысушылардың барлығына Форум жұмысында белсенділік танытқандары үшін шын жүрегімнен алғысымды білдіремін.

Сіздердің әлем бірлігі үшін шынайы қолдауларыңыздан көрініс алып отырған құнды идеяларыңыз мен ұсыныстарыңыз үшін.

Съезде сөз сөйлегендердің барлығы діндер мен мәдениеттердің жаһандық диалогының терең бойлауына және толеранттылыққа шақырды.

Менің G-GLOBAL туралы идеяма қолдау көрсетіп, оң баға бергендеріңіз үшін барлықтарыңызға алғысым шексіз.

Біз бұл мәселені делегация басшылармен бірқатар екіжақты кездесулер барысында тыңғылықты талқыға салған болатынбыз.

Рухани келісім – бұл әлем дамуының негізгі алғышарты, міне Съезд бізге осыны көрсетіп берді.

XXI ғасырда бұған барабар келетін ештеме жоқ, болуы да мүмкін емес.

Руханилыққа қайтып оралу – әділетті әлем орнатудың негізіне апаратын жол.

Барлық діндерге тән күш қуаттылығының құдіреттілігі ол қазіргі бетбұрыс заманында адамзат атаулыға дұрыс талдау жасауға көмек көрсету қабілеттілігінде болып отыр.

Біз бүгін Астанада, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері IV Съезінде бейбітшілік пен келісім, жаһандық толеранттылық, діндердің өзара ынтымақтастығы мен өзара сыйластығы XXI ғасырда ғаламшардағы барлық адамдардың дүниетанымдық құндылықтарына айналуына жаңа қадам жасадық .

Құрметті достар!

Ізгі ниеттердің бірлігі – бірлесе істеген жұмыстың кепілі.

Біздің Съезд қазіргі таңда діндердің барлығына ортақ міндет біреу екендігін тағы да көрсетіп берді.

Біріншіден, адамзаттың моральдық-өнегелік дағдарыс қауіпін жеңіп, рухани вакуумның таралуына тоқтау салуымыз қажет.

Мұндағы ең маңызды көрініс жастарды терең рухани негізде тәрбиелеу моральдық қауіпке бой алдырудан тұрақты иммунитетке дағдыландыру.

Сондай-ақ қоғамда әйелдің қоғам мен отбасындағы рөлі, отбасылық дәстүрді нығайтуға мақсатты бағытталған шаралар деңгейінің маңыздылығы да артуда.

Осы сұрақтардың барлығы біздің Съезіміздің арнайы секцияларында алғаш рет барынша талқыға түсті.

Осы пікірсайысты жалғастыра отырып, Дін лидерлері Кеңесі мен біздің Съезіміздің негізінде отбасылық құндылықтарды қолдау мақсатында жастарды, жасөспірімдер мен балаларды өнегелік тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке Халықаралық онлайн-конференция өткізуді ұсынамын.

Екіншіден, кез-келген қоғамның жасампаз бастамасы – еңбексүйгіштік, адалдық және әділеттілік құндылықтарын нығайтуымыз қажет.

Бұл тұрғыдан алғанда қазіргі таңдағы бірқатар діндер арқылы жүзеге асырылып отырған әлеуметтік доктриналардың маңыздылығы арта түсуде.

Менің көзқарасыма келсек, мен олардың адам өмірінің сапасын көтеру, адамзат мүмкіндігінің деңгейін арттыруға бағытталған мемлекеттік өлшемдермен тиісінше байланысты болса маңыздылығы арта түсер еді деп айтқан болар едім.

Үшіншіден, дін бітімгершілік күші – кез-келген қоғамдағы радикалдылық пен төзімсіздіктің туындауы мен қақтығыстардың алдын-алуға ықпал етуде.

Сондықтан да, ең маңыздысы біздің Съезіміздің тәжірибесін ұлттық мемлекеттер, сонымен қатар қақтығыстың жоғары мүмкіндіктері байқалатын бай этно-діни көпжақтылығымен ерекшеленетін әлемнің жекелеген аймақтары дәрежесіне (деңгейіне) жеткізу.

Көріп отырғанымыздай, келешекте БҰҰ-на және қақтығыстар деңгейін бәсеңдетумен қатар жаһандық мәселелерді жеңу бойынша қызығушылық танытып отырған барлық форумдар мен мемлекеттерге ұсыныстарды жеткізе алатын Дін лидерлері кеңесі жанындағы арнайы комиссияны құрудың болашағын пысықтауымыз қажет.

Төртіншіден, халықтар мен мемлекеттер, көпконфессиялы қоғам ішіндегі алауыздықты сейілту үшін дін ілімдерін қолдануға сенімді тосқауыл қою маңызды.

Халықаралық терроризм мен экстремизмнің адамзатқа қарсы өзіндік қорлауын дінге деген қандай да бір сілтеме жасау арқылы негіздеуіне жол берілмеу керек.

Сонымен қатар, экстремизмнің кез-келген формасын және терроризмнің адамзатқа, дінге қарсы мәнін түсіндіру тұрғысынан келушілер арасында тұрақты жұмыс жүргізілуі қажет.

Бесіншіден, қоғамды дінді, ондағы құдіреттілікті, діндарлардың дәстүрі мен сезімін сыйлай білуге үйрету де маңызды.

Діндер диалогы – бүкіл әлемде және әрбір қоғамда толеранттылыққа қол жеткізудегі жалғыз ғана жол.

Диалогты кеңейту үшін қазіргі таңдағы байланыс құралдарын қоса алғандағы барлық мүмкіндікті пайдаланудың маңызы зор.

Осы тұста біздің форумымыздың интерактивті алаңы жұмысына үлкен жауапкершілік артылып отыр.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің төртінші Съезі барысында осы маңызды бес маңызды сұрақ бойынша өзара түсіністік қалыптасты.

Олардың барлығы форумға қатысушылардың қорытынды Үндеуінде көрініс алып отыр.

Осылардың барлығы діндердің сындарлы диалогының міндетті түрде ХХІ ғасырдың жаһандық әлемінің маңызды құрамдасы болатындығына деген сенім ұялатады.

Құрметті достар!

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төртінші Съезі өз жұмысын аяқтады.

Біздің Қазақстан аспанының астында өздеріңіздің бас қосуларыңыз арқылы елімізде келісім мен бейбітшіліктің шырағын жаққандарыңыз үшін Сіздерге өзімнің тағы да үлкен алғысымды білдіремін.

Қазақстан жерінде оқыған дұғаларыңызда Сіздер Қазақстан жеріне және оның халқына саулық, ал бүкіл ғаламшарға бейбітшілік пен өркендеу тілеген едіңіздер.

Мен Сіздермен 2015 жылы өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бесінші Съезінде тағы да қауышамыз деп ойлаймын.

Съезге қатысушылардың барлығына рухани тұрақтылық, дендеріңізге саулық, құдай алдындағы қызметтеріңіз бен адам игілігі үшін жасалып жатқан қызметтеріңізге жеміс тілеймін.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің төртінші Съезін жабық деп жариялаймын.

Жемісті жұмыс атқарғандарыңыз үшін ризашылығымды білдіремін.

* * *

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ БЕСІНШІ СЪЕЗИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ДІНИ ЛИДЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ЕКІНШІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

10 маусым 2015ж.

Қайырлы таң, Жоғары мәртебелі, Аса қадірменді, құрметті қонақтар мен Кеңес мүшелері!

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезіне қатысуға келген барлық делегация басшыларына шын жүректен сәлем жолдаймын.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің өткен IV Съезінде Діни лидерлер Кеңесін құру Астана форумының барлық қатысушылары арасында қалыптасқан сенімнің заңды нәтижесі болатын.

Діни лидерлер Кеңесі бүкіләлемдік рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуда, діндер мен мәдениеттер арасындағы келісім мен өзара түсіністікке қол жеткізуде маңызды рөл атқарады деп сенемін.

Әлемнің қазіргі дамуы жаһандық конфессияаралық сұхбаттастықтың осындай бірегей жүйе қажеттілігінің әлі де өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Әлем алдыңғы съезд өткенүш жылдан бері, адамдар арасындағы діни айырмашылықтардың жаңа шектен шыққан алауыздықтарының таралуымен бетпе-бет келді.

Біріншіден, адамдардың діни сенімдерін асырапайдаланғандықтан, ішкі әскери қақтығыстар көбейе бастады.

Мұсылмандардың қасиетті басты мекені, ислам әлемінің бесігі – Мекке мен Мәдинеге жақын маңда Йемендегі қақтығыстың орын алуы бізді алаңдатпай қоймайды.

Лаңкестік топтардың бірқатар әрекеттері Азия мен Африкадағы түрлі конфессия ізбасарларының арасындағы жауласу мен көптеген қауымның бөлшектенуіне ұшыратады.

Украинаның шығысындағы оқ жаудырудың салдырынан қалалар мен ауылдардағы шіркеулердің бүлінгені туралы ақпарат үрей тудырады.

Екіншіден, «ислам мемлекеті» атын жамылған әрекеттерімен жаһандық терроризмнің аса қауіпті деңгейіне өтті.

Лаңкестер Ирак пен Сирияның мыңжылдық өркениетін, мәдени мұра нысандарын жалған діни көзқарастардың ықпалымен қасақана қиратуда. Олар журналистерді, еріктілерді және өзге дінді ұстанушыларды көпшілік алдында жан түршіктіретей жазалау әрекеттерін ғаламтор арқылы таратады.

Үшіншіден, әлемдік әлеуметтік желілердің бұрын-соңды болмаған әрекеттермен дін мен дін қайраткерлеріне жасап жатқан шабуылын көрмеу мүмкін емес.

Әлемнің барлық діндері адамдар арасындағы соғыс пен қақтығыстарды тоқтатып, шыдамдылық пен төзімділікке, бейбітшілік пен келісімгешақырады.

Әлемнің басқа да діндері секілді, ең толерантты діндердің бірі – ислам. Экстремизм мен терроризмнің қандай да бір түріне исламды сылтау ретінде пайдалану оны қадірлемеу болып есептеледі.

Барлық діни көшбасшыларды осындай қиын кезеңде өз қауымындағыларға бейбітшілік, келісім, толеранттылық және кешірімділік туралы үндеулеріңізді еселей түсуге шақырамын.

Кез келген халық бірлікті бағалап, сақтай алғанда ғана ұлы және өмір сүреді.

Қазақстан халқы – өзінің даналығының арқасында тату.

Барлық конфессиялардың арасындағы достық пен өзара түсіністіктің, келісім мен бірліктің, толеранттылықтың арқасында біздің халқымыздың даңқы мен күші – мәңгілік. Бұл

– біздің еліміз де қосылуға ұмтылатын дамыған алдыңғы қатарлы 30 елдің жоғары құндылықтары.

Біз осы ізгі мақсат үшін «Қазақстан-2050» стратегиялық жобасын жүзеге асырудамыз. Жаңа институционалдық реформаларға кірістік.

Біздің Қазақстанды жаңартуға байланысты Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» этникалық және діни айырмашылықтарына қарамастан, барлық қазақстандықтардың жарқын өмір сүруіне бағытталған.

Құрметті делегация басшылары, Жоғары мәртебелі қонақтар!

Қазақстан Діни лидерлер кеңесі өзінің жұмыс барысында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің ойлары мен шешімдерін ілгері жылжытуды барынша қолдайды.

Біз қазақстандық мәмлегерліктің мемлекеттік және халықтық тәжірибесін осы мақсаты жүзеге асыру үшін пайдалануға ниеттіміз. Оған қоса, сіздердің Қазақстанға көрсеткен сенімдеріңіз үшін ризамыз.

Іргелі рухани қуат ретінде адамзат санасындағы діннің ізгі рөліне баға жетпейді.

Меніңше, Кеңес адамзаттың ХХІ ғасырдағы рухани қайта түлеу идеясының жалғастырушы-авторы бола алар еді.

Кеңес жұмысының өзекті бағыты діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-әрекеттердің бастамасы бола алады.

Алдағы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезі Кеңестің ұсыныстарымен келісіп, қолдаса, діни сенім мәселесінде адасқандарды оғаш амалдарының алдын алуға көмектесер еді.

Сіздердің бірлескен пікірлеріңіз өшпенділікті, шыдамсыздықты, қатыгездік пен жақынына әділетсіз қарым-қатынасты қолдайтындар үшін алауыздық пен тартысты тежеудің шешу факторы бола алады.

Осы ұсыныстар Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезд жұмысына қатысушылар мен саяси қайраткерлердің сұхбаттасуы барысында іске аса бастайтынына сенімдімін.

Құрметті Кеңес мүшелері!

Бүгін Астанада сөздері мен амалдарына игі ниет пен қамқорлықты сыйдыра білген бейбітшілік пен келісімнің, үйлесімділіктің идеяларын растайтын дін көшбасшылары жиналды.

Діни лидерлер Кеңесінің Екінші отырысы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезі әлем тарихындағы жарқын оқиғалар болатынына күмәнім жоқ.

Олар қазіргі беймаза уақытта адамзаттың үміті мен қайырымдылығының, әділеттілігі мен сенімінің шырақшысы болып енетініне сенемін.

Біздің ізгі пейіліміз бен ниеттерімізді Құдіретті Жаратушы қолдасын.

Назарларыңызға рахмет!

Біздің Съезд бен Сіздердің еңбектеріңіздің жемісті болуын тілеймін!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ БЕСІНШІ СЪЕЗІНІҢ
АШЫЛУЫНДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

10 маусым 2015 ж.

Ардақты дінбасылар!

Құрметті БҰҰ-ның Бас хатшысы мырза!

Қадірлі съезге қатысушылар мен меймандар!

Ханымдар мен мырзалар!

Сіздерге Қазақстанның құт дарыған жерінен шын жүректен сәлем жолдаймын! Егер әлемде бір нәрсе тек бір ғана мәрте жүзеге асса, онда оны әдетте тарихи кездейсоқтық деп санайды. Екі немесе үш рет болса – бұл тарихи заңдылық. Ал егер көптеген мәрте жүрсе – Ұлы Тарих дегеніміз, міне, осы! Астана Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне қатысушылар мен меймандарын бесінші рет қабылдап отыр!

Біз І Съездің шешімі бойынша салынған әлемдегі жалғыз Бейбітшілік және келісім сарайы шаңырағының астында толеранттылықтың, мәдениеттер мен діндердің жаһандық үнқатысуының Ұлы Тарихын қалыптастырудамыз. Біз, тіпті, осы күрделі дәуірдің өзінде де оның парақтарын бірінен кейін бірін жазып, толтырудамыз. Және біздің бәрімізді – саясаткерлер мен конфессиялар қызметшілерін – адамдар мен халықтардың тағдыры, Ұлы Жаратушы жаратқан біздің бүкіл бірегей планетамыздағы бейбітшілік пен тыныштық үшін ортақ бір жауапкершілік сезімі біріктіреді.

Съезд жұмысына алғаш рет БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун мырза қатысып отыр. Мен Сізге, Бас хатшы мырза, шын жүректен сәлем жолдаймын! Сіздің қатысуыңыз Астанадағы бүкіл әлемдік қоғамдастық мән беріп отырған рухани лидерлер үнқатысуының маңыздылығын көрсетеді.

Мен шақыруымды қабыл алып, бүгінде осы залда отырған баршаға сәлем жолдаймын. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің ізгілікті идеялары әлемдік қоғамдастықта, діни, сондай-ақ, саяси топтарда кең қолдау тауып отыр. Олар әлемге дінаралық қарым-қатынастар туралы ғасырлар бойы қалыптасқан таптаурындарды еңсеруге, ХХІ ғасырда жаһандық толеранттылық пен өзара түсіністіктің іс-қимыл таныта алатын формуласын жасауға мүмкіндік береді. Мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезі осы мақсатқа маңызды қадам жасауға көмектесетініне сенімдімін.

Барлық қатысушылар мен меймандарға жемісті жұмыс, пайдалы үнқатысу және оң шешімдер тілегім келеді.

Құрметті рухани лидерлер!

V Съездің негізгі мәселесі діни және саяси лидерлердің қазіргі әлемнің қауіпсіз және үйлесімді дамуы үшін маңызды рөлі мен жауапкершілігін сезінумен байланысты. XXI ғасырда әлем басым жағдайда терең діни болып қалуын жалғастыруда.

Үміт пен торығудың жаһандық барометрінің соңғы есептерінің бірінде ұсынылған Gallup институтының деректеріне сәйкес, Жер тұрғындарының жартысынан көбі – шамамен 60 пайызы, өздерін діндар адамдармыз деп есептейді. Әрбір бесінші адам өзінің діндар емес екенін атап көрсетеді.

Технологиялық төңкерістер дәуіріндегі орнықтылық пен діни оқулар ықпалдылығы сақталуының феноменін XX ғасырдағы итальян жазушысы Чезаре Павезе өте дәл түсіндірді: «Дін, – деп жазды ол, – бұл сенім, біздің басымыздан өтіп жатқандардың барлығы ерекше маңызды. Дәл сондықтан ол әркез бізбен бірге болады». Бірақ бұл адам дамуында діни карама-қайшылықтар, жақтырмаушылық, жанжалдар мен конфессияаралық соғыстар оның өзгеріссіз серіктері болады дегенді білдіре ме? Мен мұндай сауалға сенімді жауап беретіндердің жақтастары болып табылмаймын.

Біріншіден, Махатма Ганди атап өткендей, «Құдайда дін жоқ». «Біздің шіркеулік қоршау қалқаларымыз көкке дейін жетпейді», – деген еді XIX ғасырда православиелік философ митрополит Платон Городецкий. Мыңжылдық тарихта теологиялық дискуссиялар, саясаткерлер олардан соғыстар мен жанжалдар туындатқанша, тек сөз жүзіндегі таластар күйінде қалып келген еді.

Екіншіден, әлемдегі барлық діндер сабырлылық пен төзімділікке, күш қолданбау мен келісімге үндеп келеді. Қасиетті Құранда мынадай сөздер бар: «Кім бір адамды өлтірсе, бұл бүкіл Адамзатты өлтіргенмен пара-пар». «Бүкіл адамдар алдындағы ізгілік туралы ойланыңдар... Барлық адамдармен бейбітшілікте болыңдар», – осы үндеу христиандық Жаңа өсиетте бар. Адамдар қылығы үшін жауапкершілікке шақыру сөзі көне үнді Упанишадында айтылады: «Бір шөп жұлынған кезде, бүкіл дүние дірілдейді». Адамның бойында тек махаббат, жанашырлық және ізгілік сезімдерін оята алатын сенім ғана нағыз сенім. Бұл ақиқат өткінші емес, мәңгілік.

Үшіншіден, қазіргі заманғы тарих діни тұрғыдан толерантты қоғамдар мысалдарын біледі. Мәселен, біз Қазақстанда бейбітшілікте, келісімде және бір-бірімен өзара түсіністікте бейбіт қатар өмір сүріп келе жатқан 18 конфессияның табысты моделін құрдық. Біздің діни бірлестіктер туралы заңнамамыз теңдік пен ождан бостандығы қағидатына негізделген. Біздің ширек ғасырға жуық тәуелсіздігімізде Қазақстан рухани қайта өрлеу дәуірін бастан өткерді. Кеңес дәуірінде, оның ішінде Қазақстанда да, атеизм орныққан болатын. Бірақ халқымыз Құдайға сенімін жоғалтқан жоқ. Қазір елімізде 3312 мешіт, храмдар, құлшылық үйлері, синагогалар мен басқа да ғибадат ету орындары жұмыс істейді. Бізде діни бағыттағы 47 бұқаралық ақпарат құралы басылып шығарылады. Елімізде 500-ге жуық шетелдік миссионер жұмыс істейді. Ислам мен Христианның басты күнтізбелік даталары – барлық қазақстандықтардың ортақ мерекесі. Елімізде жұмыс істейтін барлық діндердің паствалары – бір үлкен қазақстандық отбасының мүшелері. Біздің бәріміз бірлесіп, дүрдараздық пен ұрыс-керіске орын жоқ жаңа ел құрамыз.

Біздің бәріміз бір мақсатқа – XXI ғасырдың ортасына қарай әлемдегі аса дамыған 30 елдің қатарында тұратын өсіп-өркендеген мемлекет құру мақсатына біріккенбіз. Біз алдымызға барлық қазақстандықтардың Болашақтың біртұтас ұлты болуына қол жеткізу міндетін қойып отырмыз. Оның басты негізі азаматтық теңдік пен толеранттылық, ашықтық пен құқықтық тәртіп, ой-ниет пен әр адамның өмірі үшін лайықты жағдай жасау бойынша практикалық істердің бірлігі болып табылады. Оның ғасырлық мәні мынада: ұрпақтан-ұрпаққа, дәуірден дәуірге бейбітшілік пен келісім құндылықтарын беру.

Биыл біз бірегей ұйым – Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойын атап өтудеміз. Ол түрлі этностық және діни ұстанымдағы барлық азаматтардың келісімі мен толеранттылығының арқаулық құндылығы мен берік тетігі болды. Біз бүкіл әлемге

мәдениеттер мен діндердің болмай қоймайтын жанжалдары, тіпті, бір қоғамның шегінде де жоқ екенін көрсеттік. Сондықтан, олардан халықаралық саясаттың кез келген деңгейінде қашып құтылуға болады. Біз қоғам ішіндегі толерантты қарым-қатынастар – мемлекеттің де, діни бірлестіктердің де, қатардағы азаматтардың да ұғынықты жауапкершілігінің мәселесі екенін айғақтадық. Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу тәжірибеміздің табыстылығын біз жаһандық мойындаудың призмасы арқылы қарастырамыз.

Құрметті Съезге қатысушылар!

Діндер мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынастары мәселесін Жер шарындағы бейбітшілік пен тұрақтылық мүдделері тұрғысынан талқылау біздің форумның айрықша ерекшелігі болып табылады. Мұндай пікірсайыстың көкейкестілігін жаһандық ахуал дамуының үрейлі аяқ алысы күшейте түседі. Бүгінде әлем қауіпті белгісіздік жағдайында дағдарып тұр.

Біріншіден, жаһандық қауіпсіздік режимінің күрт әлсіреуі орын алды. Және бұл үдеріс әлі де өз түбіне жетпегенге ұқсайды. Тежеу мен арасалмақтарды ұстаудың халықаралық жүйесі жұмыс істемейді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі соңғы ондаған жылдар бойына қалыптасқан жетекші мемлекеттер арасындағы сенім ахуалының жойылғанына өкініш білдіруге тура келеді. Өзара санкциялық қысымдар әлемдік экономикадағы ахуалды күрделендіруде. Ол таяуда ғана бастан өткен жаһандық экономикалық дағдарыс зардаптарын тездетіп еңсеру перспективаларын алыстата түсті. Сенімсіздік экономикалық қана емес, сонымен бірге, елдер мен халықтар арасындағы гуманитарлық қарым-қатынастарға да теріс әсер етуде. Өзара туризм, мәдени алмасулар қысқаруда, бір-біріне қарсы ақпараттық шабуылдар жүруде. Осының бәрі – тұрақсыздықтың, сенімсіздіктің, ошақты соғыстар мен қақтығыстардың салдары.

Екіншіден, әлемде әскери және ішкі дау-дамайлар қауырт өсе түсті. Украинаның шығысындағы жанжал еуропалық және жаһандық қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай төмендетеді. Батыс Африкадан Ауғанстанға дейінгі бүкіл аумақ қарулы қарсы тұрушылықтармен қамтылған.

Үшіншіден, халықаралық терроризм қатері «ислам мемлекеті» деп аталатын іс-қимылдар пішінін қабылдады. Өздеріне қаратып алудың жаһандық желісін пайдалану арқылы әлемнің түрлі елдеріндегі жастар оның қатарына тартылуда. Жалған діни үндеулермен бүркемелене отырып, содырлар өзге діндер өкілдерін, журналистер мен еріктілерді жаппай өлім құштырудың жан-түршігерлік актілерін жүзеге асыруда. Біз сіздермен бірігіп, мұндай көзқарасқа және діннің осындай қаскүнемдіктеріне қарсы ортақ пікірімізді білдіруіміз керек. Олар Ирак пен Сириядағы сан ғасырлық мәдени мұраларды қасақана қиратуда. Мұның бәрін ізгі ниеттілікке және адамгершілікке қарсы актілер демеске лаж жоқ.

Төртіншіден, қазіргі заманғы әлемде аш және жоқ-жітік адамдар азаймай отыр. Бүгінде, БҰҰ мәліметтері бойынша, 700 миллион бала мен жасөспірім кедейшілік жағдайында өмір сүруде. Тағы 150 миллионы – тастанды балалар. Мектептердің болмауынан 100 миллион баланың білім алуға мүмкіндіктері жоқ. 10 миллионы дәрі-дәрмек пен медикаменттер жетімсіздігінен зардап шегуде. Әлеуметтік қолайсыздықтың, ал одан кейін қылмыстың, әлеуметтік дұрдараздықтың, терроризм мен экстремизмнің бастапқы ортасы да міне, осы.

Бесіншіден, рухани-өнегелілік құндылықтарды көмескілендірудің жаһандық проблемаларын көрмеу де мүмкін емес. БАҚ-тар мен Интернет-желілер арқылы балағат сөздер, адамдардың рухани бастауларын қорлау, қылмыстық көргенсіздік пен бетімен кетушілік, «жаппай мәдениет» деп аталатынның жексұрын үлгілері кеңінен таратылуда. Мұндай «жалған мәдениет» тасқыны, әсіресе, жастардың балғын жан-дүниелерін ауыр жаралауда, отбасылық дәстүрлерге нұқсан келтіруде, ұрпақтар арасындағы өзара байланысты күйретуде. Осылардың бәрі – қазіргі заманғы әлемдік тәртіпке, қауіпсіздікке,

рухани салт-дәстүрлер мен өркениет құндылықтарына төнген ауыр сын-қатерлер. Мен съездің пікірсайыс алаңдарында осы және басқа да көптеген проблемаларды шешу жолдарының егжей-тегжейлі талқыланатынына сенімдімін.

Бүгінде қауіпсіздік пен дамудың жаңа парадигмасын қалыптастыру бойынша кең көлемді үнқатысуларды жолға қоюдың маңызы зор. Оның негізінде тең құқылық, өзара құрмет, бір-бірінің мүдделерін мойындау, ынтымақтастық, толеранттылық және өзара түсіністік қағидаттары болуы тиіс. ХХІ ғасырда барлық салалардағы – саяси, экономикалық, мәдени, рухани салалардағы үнқатысуға балама жоқ. Бүгінде адамзат үлкен материалдық, ғылыми-техникалық және интеллектуалдық мүмкіндіктерге ие. Егер адамдар бір-бірімен бейбітшілікте және рухани келісімде өмір сүріп үйренбесе, ешқандай прогресс болмайды. Адамзаттың болмысы сондай, этностық, тілдік, діни және мәдени айырмашылықтар болжаулы болашақта әркезде де бола бермек. Бірақ олар ажыратушы жіктер емес, біріктіруші бастаулар болуы тиіс.

Мен «Бізді біріктіретіндердің өзі ажырататындардан едәуір асып түседі», деген Рим Папасы Францисктің сөзін қолдаймын. Этносаралық және дінаралық жанжалдарды қате саясаттың туындататынын ашып айтқым келеді. Ол елдерді, адамдар мен қоғамды бүлдіреді. Біз бүгінде де оны әлемнің түрлі түкпірлерінен көріп отырмыз. Бірақ халықтардың өзара тартылысы, тілдерді, мәдениетті, рухани әлемді өзара тану, сауда мен тату көршілікті дамыту әркезде де мәңгілік болған, болып қала береді. Және халықтар достығының осынау үрдісі әсіресе, жаһандану ықпалымен ХХІ ғасырда күшейе түсуде. Рухани және саяси лидерлер бірлесе отырып, адамзат әлемін неғұрлым өнегелі және толерантты жасай алары анық.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің V съезіне қорытынды декларация қабылдауға тура келеді. Оған бүкіл әлем бойынша миллиардтаған адамдардың мұң-мұқтаждары мен үміттерін бейнелейтін бірқатар үндеулер қосуды ұсынамын.

Бірінші. Барлық әскери жанжалдарды тоқтату және бітім жариялау. Барлық қарсы тұрушы тараптар келіссөздер үстеліне отырып, зорлық-зомбылықты тоқтату, бейбіт азаматтарды қорғау, бүкіл қарама-қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу жөнінде келісімдер қалыптастыруы тиіс.

Екінші. Кез келген елде және мемлекетаралық қарым-қатынастарда кез келген саяси қарама-қайшылықтарды шешудің күш қолдану тәсілдері батыл түрде теріске шығарылуы керек.

Үшінші. Бүкіл жетекші державалардың саяси лидерлерін қазіргі заманғы әлемдегі сенімсіздік шыңырауының ұлғая түсуін тоқтатуға шақыру маңызды. Салдарынан «үшінші әлем» мен қарапайым адамдар ауырырақ зардап шегетін өзара санкцияларды тоқтату қажет. Әлемді ХХІ ғасырда «қырғи-қабақ соғыс» уақытының стереотиптерін, әсіресе, блоктық ойлауды қайта жаңғырту қаупінен сақтандырудың маңызы зор. Бүгінде қарама-қайшылықтарды реттеу, соғыстар мен дау-жанжалдарды тоқтату үшін БҰҰ мен қауіпсіздіктің өзге де халықаралық құрылымдарының мүмкін деген барлық тетіктерін пайдалану керек.

Төртінші. Барлық адамдарды саналылыққа және Интернетті қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарын адамдар арасындағы дінаралық араздықтарды тұтандыру үшін пайдалану тәжірибесін тоқтатуға шақыру қажет. Бұл тұрғыда БАҚ-тардың қожайындары мен баспагерлерінің, өздерін «төртінші билік» деп атайтындардың бәрінің моральдық жауапкершілігін арттыру керек.

Бесінші. Мемлекеттер мен қоғамдарға кедейшілік, аштық, эпидемия, жұмыссыздық, табиғи зұлматтар мен техногендік апаттар проблемаларын шешу үшін күш-жігерді біріктіру өмірлік тұрғыда қажет.

Осының бәрі қауіпсіз және үйлесімді әлемнің жаңа архитектурасының бөлігіне айналуы тиіс.

Жоғары мәртебелі дінбасылар!

Ханымдар мен мырзалар!

Қазіргі заманғы дәуірдің оқиғалары біздің Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін жаһандық «рухани дипломатияның» маңызды элементіне айналдырады. Барлық делегациялар басшыларын конфессияаралық үнқатысуды ұлғайта түсуге деген үндеуді өз діндеріңіздің ұстанушылары мен барлық діни қауымның мүшелеріне жеткізуге шақырамын. Мен қатысып отырған бүкіл саясаткерлер мен қоғам қайраткерлеріне өз ықпалдары мен мүмкіндіктерін соғыстар мен дау-жанжалдарды тоқтату, жаһандық саясаттағы сенімді қалпына келтіру үшін пайдалану жөнінде үндеу тастаймын. Съезд жұмысының мәдениеттер мен діндер үнқатысуының тәжірибесін байыта түсетініне сенімім мол.

**Баршаңызға жемісті жұмыстар мен табыстар тілеймін!
Назар аударғандарыңыз үшін рахмет!**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ БЕСІНШІ СЪЕЗІНІҢ
ЖАБЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

11 маусым 2015 ж.

**Жоғары мәртебелі және аса қадірлі діндарлар!
Құрметті қатысушылар мен Съезд қонақтары!**

Бүгін біздің форум жұмысына мәртебелі Иордания королі Абдалла Екінші қатысуда. Ең бірінші, мәртебелі қонаққа жаһандық конфессияаралық келісімді нығайтуға сіңірген еңбектері үшін алғыс білдіремін.

Біз мәдениеттер мен өркениеттердің бейбітқатар өмір сүруіне маңызды үлес қосатын Сіздердің бастамаларыңыз «Амман Жолдауын» жоғары бағалаймыз.

Соған орай, өркениеттер мен конфессиялар арасындағы сындарлы сұхбатты дамытуда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін шақыру мен «Амман Жолдауы» үндесболып, платформа ретінде қызмет етеді.

Құрметті Съезд қатысушылары мен қонақтары!

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Бесінші Съезі өз жұмысын аяқтайды.

Қонақжай Қазақстан жеріне қайтадан жиналған Съезд делегаттары алға қойған басты мақсаттарына жетті.

Діндер, халықтар мен мемлекеттер арасындағы бейбітшілік пен келісімнің түбегейлі маңыздылығын түсінуге тағы да бір-біріне қарай бір қадам жасалды.

Діндердің өзара әрекеттестігі мен оның жаһандық дамудағы рөлі туралы ашық сұхбаты жалғасты.

Әлемдік қауымдастықтағы тұрақтылық пен қауіпсіздік үшін ынтымақтастық терең ортақ қызығушылықпен салтанат құрды.

Барлық қатысушылардың жер бетіндегі өмірлік маңызды мәселелерге ортақ немесе ұқсас көзқарастарын көрсететін Съезд Декларациясы келісіліп, қабылданды.

Қазақстанның елордасы Астанада екі күн бойы әр түрлі тілдерде және әр түрлі дәстүрде, бейбітшілік, келісім, әділдік туралы, жақындарына деген кешірім мен махаббат үшін, шын мәніндегі, ортақ құлшылық шарықтады.

Біздің Қазақстанның гүлденуі мен бақыты туралы Сіздердің Құдайдан сұраған дұғаларыңыз үшін барлық діндердің қызметкерлеріне мен алғыс айтамын!

Мен Съезддің барлық зайырлы қонақтарына – саясаткерлерге, қоғам қайраткерлеріне, сарапшылар мен журналистерге – оның табысты өтуіне қосқан өлшеусіз үлесі үшін шын жүректен ризамын.

Әлемде ақыл мен сенімнен құралған шындықтан күшті ештеңе жоқ.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съездері діни тұлғалар мен саясаткерлердің өзара сұхбаты түрінде өтіп жүр.

Біз осылай өнегелілік пен руханилықтың күші арқылы бейбітшілік пен келісім мәселелерінде адамдар арасындағы іс-әрекеттің шынайылығын арттыруға ұмтыламыз.

Діндегі өз ізбасарлары мен пікірлестеріне съездің ізгілігі мен тыныштықты жақтайтын болмысын жеткізуге барлық қатысушыларды шақырамын.

Ханымдар мен мырзалар!

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Бесінші Съезі жаһандық сұхбат қажеттілігінің өскелеңдігі мен өзектілігін тағы да айқын көрсетті.

Сөз бен Сөйлеу, яғни ТІЛДЕСУ мен СҰХБАТ – бұл Адам мен Адамзатқа берілген Тәңірдің сыйы.

Ал оның бітімгершілігі мен жасампаздық күшін толықтай пайдалану – біздің борышымыз.

Бүгін Бесінші Съезде Жалпыға ортақ Бейбітшілік пен Мейірімділік, Әділдік пен Рухани Үйлесімділік дәуіріне тағы бір қадам жасалды.

Біз жаһандық күмәнді кезеңде тек бір-бірімен тілдесу арқылы болашаққа деген сенім мен үміт ұялатуға болатынын дәлелдедік.

Құрметті қатысушылар мен қонақтар!

Делегация басшыларымен және саясаткерлермен тілдесу барысында сіздердің төреліктеріңізге салуды жөн көрген менде екі ұсыныс пайда болды.

Бірінші – біздің Съездің енді бай тарихы бар.

Біз тікелей сұхбаттың салиқалы тәжірибесін жинақтадық, тілдесу мен өзара түсіністіктің дәстүрін қалыптастырдық.

Діндер мен өркениеттердің өзара әрекеттесуінің басқа сұхбат алаңдарымен байланысы жолға қойылуда.

Сондықтан бізде, Астанада, осы ғимаратта Бейбітшілік пен келісім мұражайын құруды ұсынамын.

Адамзат дамуының мәселелері бойынша халықтар мен діндердің өзара түсіністігі мен бейбітшілікті нығайту үшін шоғырланған шешімдердің тәжірибесін жинақтауда біздің Съездердің тарихына да сондай қатынас жасау маңыздылығы болады.

Бейбітшілік пен Келісім мұражайы діндер мен мәдениеттер сұхбаттастығының тарихын зерттейтіндерге Съезд жанынан ашылған ғылыми мекеме бола алар еді.

Екінші – діндер мен мәдениеттердің үнқатысуына қамқорлық жасағандардың барлығын;

Діндер мен этникалық топтардың арасында рухани және толеранттылықтың жоғары үлгісін көрсеткендердің бәрін;

Конфессияаралық диалогты дамытуға қамқорлық танытқан адамдарды түгелімен ынталандыру маңызды.

Сондықтан «Рухани әлем мен келісімді нығайтуға және дамытуға қосқан үлесі үшін» деген сыйақы, сондай-ақ, Құрмет белгісін тағайындауды ұсынамын.

Ол дін лидерлері Кеңесінің шешімімен ұйғарылып, Съездің пленарлық отырыстарында табысталар еді.

Егер сіздер қарсы болмасаңыздар, Съезд Хатшылығына осы екі мәселені зерттеп, жетілдіруді ұсынамын.

Құрметті достар!

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Бесінші Съезінің екі күндік жұмысы тарихқа айналады.

Адамзаттың даналығы мен жауапкершілігіне сене отырып, олар, сөзсіз, әлем дамуын ең нашар болжамдардан құтқара алатын үміт отын ұялатты.

Барлық қатысушылар мен қонақтарға тағы да жемісті жұмыстары үшін алғыс айтамын!

Қабылданған Декларацияда біз, ең бастысы, 2018 жылы өтетін Алтыншы Съезде біздің сұхбатымыздың жалғасатынын мәлімдедік.

Осы сәтті пайдалана отырып, осында қатысып отырғандардың барлығын келесі Съезге шақырамын.

Бәріңізге жақсылық пен білімпаздық, бейбітшілік пен келісім тілеймін!

Құдіретті Жаратушы сіздердің барлық ізгі амалдарыңыз бен күнделікті істеріңізді әрқашан қолдасын.

МАЗМҰНЫ

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІ	5
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Бірінші Съезінің ашылуында сөйлеген сөзі.....	5
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың съезд Төрағасы болып сайланғаннан кейін сөйлеген сөзі.....	7
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Бірінші Съезінің жабылуында сөйлеген сөзі.....	14
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІ	17
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Екінші Съезінің ашылуында сөйлеген сөзі.....	27
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Екінші Съезінің жабылуында сөйлеген сөзі.....	30
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІ	32
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Үшінші Съезінің ашылуында сөйлеген сөзі.....	32
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Үшінші Съезінің жабылуында сөйлеген сөзі.....	40

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ ТӨРТІНШІ СЪЕЗІ	43
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың діни лидерлер Кеңесінің Бірінші отырысында сөйлеген сөзі.....	43
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Төртінші Съезінің ашылуында сөйлеген сөзі.....	46
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Төртінші Съезінің жабылуында сөйлеген сөзі.....	53
ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ БЕСІНШІ СЪЕЗІ	57
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың діни лидерлер Кеңесінің Екінші отырысында сөйлеген сөзі.....	57
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Бесінші Съезінің ашылуында сөйлеген сөз.....	60
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Бесінші Съезінің жабылуында сөйлеген сөзі.....	66

**ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІ
I, II, III, IV, V СЪЕЗДЕРІНДЕ СӨЙЛЕГЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ СӨЗДЕРІ**

Жауапты редактор:

Е.Б. Мұратбеков,

Мәдениеттер мен діндердің халықаралық
орталығының директоры, з.ғ.к.

Корректор

Р. Амантай,

БАҚ-қа мониторинг бөлімінің аға сарапшысы

Дизайн және верстка

Қ.Н. Маханов,

БАҚ-қа мониторинг бөлімінің бас сарапшысы

Техникалық корректор

А.Т. Утемисов,

БАҚ-қа мониторинг бөлімінің сарапшысы